



SEMEI tañu

№ 35-36 (19786-19787) 5 мамыр, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ



АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

8 МЫҢ ТҮП АҒАШ ЕГІЛЕДІ

Биыл Семей қаласында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы шеңберінде 8 мың түп ағаш отырғызу жоспарланып отыр. Қазіргі таңда мыңнан астам ағаш егілген. Жуырда қаланың негізгі көшелерінің бірі Бозтаев көшесінде өткен ағаш отырғызу шарасына аймақ басшысы Берік Уәли қатысты.



Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tañu»

Көгалдандыру жұмыстары 25 сәуірде басталып, облыс басшысының тапсырмасына сәйкес шаһарды жасыл желекке айналдыру бағытында жүйелі шаралар қолға алынды.

Іс-шара барысында аймақ басшысы көгалдандыру жұмыстарын күшейтудің маңызын ерекше атап өтті.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» акциясы аясында Семейде ағаш көшеттерін отырғызу жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Үкіметтің келісімімен «Семей орманы» табиғи орман резерватына қарасты Қазақстан мен Ресей Федерациясы шекарасы маңындағы демаркацияға енген аумақтағы ағаштарды қалаға әкеліп, егу жұмысы басталды. Ең бастысы, қала көшелеріне отырғызылған ағаштарды уақтылы суғарып, әрдайым күтім жасап отыру керек, – деді Берік Уәли.

Ағаш отырғызу шарасынан кейін өңір басшысы қаладағы абаттандыру жұмыстарының барысымен танысты. Облыс басшысы Юность кентіндегі саябақтың қазіргі жағдайын көрді. Саябақ екі кезең бойынша салынады. Бірінші кезеңде балалар ойын алаңдары орнатылып, түрлі ағаштар мен сәндік өсімдіктер отырғызылып, аумақ толықтай абаттандырылған болатын.

Аймақ басшысы екінші кезеңді де жедел бастап, сапалы жүзеге асыру қажеттігін атап өтті. Бұл шара қала тұрғындары үшін қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған.

Жергілікті халық та өзгерістерге оң баға беруде. Ықшам аудан тұрғындары бұрын батпақ басып жатқан аумақтың бүгінде заманауи демалыс орнына айналғанын айтып, қала келбетінің жылдан-жылға жақсарып келе жатқанына ризашылықтарын білдірді.

Жалпы, биыл Семейді абаттандыруға ерекше көңіл бөлінбек. Атап айтқанда, бұрын жөндеу көрмеген көшелер мен аула аумақтарына басымдық беріледі. Егер өткен жылы 40 аулаға асфальт төселсе, биыл бұл көрсеткіш 100-ге дейін ұлғаяды. Сондай-ақ орташа жөндеуден өтетін көшелер саны да екі есеге жуық артып, 100-ге жетеді. Аулаларды абаттандыру, көшелерді жарықтандыру жұмыстары да кең көлемде жалғасады.

Осындай кешенді жұмыстардың нәтижесінде Семей қаласы күн өткен сайын көркейіп, тұрғындар үшін жайлы әрі жасыл қалаға айналып келеді.



Өңірдегі құрылысы ұзаққа созылып кеткен проблемалық нысандарды аяқтау мәселесі облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен ведомстволық отырыста қаралды. Жиында бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалардың қазіргі жай-күйі мен оларды толық аяқтау барысы талқыланды.

«САҚАЛДЫ» ҚҰРЫЛЫСТАР ӘКІМ НАЗАРЫНДА



Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tañu»

Жиынға тиісті басқармалар мен уәкілетті органдардың жетекшілері қатысты. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Абай облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының және ішкі мемлекеттік аудит департаментінің екілдері баяндама жасады.

Отырыс барысында Бородулиха ауданындағы блокты-модульді қазандықтың, Аягөз ауданы Ақтоғай кентіндегі электрмен жабдықтау жобасын, Үржар ауданындағы әлеуметтік нысанға қосымша құрылысы, сондай-ақ Абай ауданындағы балалар лагерінің құрылысын аяқтау мәселелері талқыланды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметінің мәліметінше, аталған нысандардың негізгі құрылыс жұмыстары аяқталу сатысында, олардың дайындық деңгейі 80–90 пайызды құрайды.

Облыс әкімі күн тәртібіндегі мәселенің өңір тұрғындары үшін аса маңызды екенін атап өтті.

Бүгін Абай облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің бастамасымен өңірдегі сәулет-құрылыс саласындағы проблемалық нысандар және олардың сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелерін талқылау үшін арнайы жиналып отырмыз. Аталған мәселе өңіріміз үшін аса маңызды. Себебі көз келген құрылыс нысаны заң талаптарына сәйкес және халық үшін қауіпсіз болуы қажет. Аталған нысандардың құрылысы менің тікелей бақылауымда болады, – деді Берік Уәли.

Жиын қорытындысы бойынша аймақ басшысы жауапты мемлекеттік органдар мен тиісті аудан, қала әкімдеріне проблемалық нысандарды аяқтауға бағытталған нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Аягөз ауданында әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бірқатар жобалар жүзеге асырылмақ.

«ҚАЗАҚМЫС» АЯГӨЗДІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСАДЫ



Облыс әкімі Берік Уәли «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС басқарма төрағасының қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Әлібек Мұхатаев және осы компанияның өңірлік даму департаментінің директоры Медет Дүйсембаевпен кездесті. Кездесу барысында Аягөз ауданында әлеуметтік жобаларды іске асыру мәселелері талқыланды.

Абай облысы әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, бұған дейін Аягөз ауданы әкімдігі мен «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған. Құжат өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

Меморандум аясында биыл жалпы құны шамамен 200 млн теңгені құрайтын бірқатар жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр. Атап айтқанда, Малғелді ауылдық округіне қарасты Қорық елді мекеніндегі мәдениет үйіне күрделі жөндеу жүргізу, балалар ойын алаңын салу, сондай-ақ Ақтамберді жырғаудың 350 жылдығына орай Аягөз қаласында ипподром салу көзделген.

Аймақ басшысы аталған жобалардың өңірдің дамуына серпін беретінін атап өтіп, компания басшылығына әлеуметтік жауапкершілік аясындағы қолдауы үшін алғыс білдірді.

«СТ» - ақпарат

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ТАЛАП КҮШЕЙТІЛЕДІ

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен кеңейтілген аппараттық кеңес өтті. Жиында облыс аумағындағы құрылыс нысандарының сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы және қарағалауды жүзеге асыру барысы талқыланды.

Кеңеске облыстық басқарма басшылары, өңірлік департамент жетекшілері қатысты. Аудан және қала әкімдері бейнережим арқылы қосылды. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы Сайлауғалы Байназаров пен мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Жайық Орман баяндады.

Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының мәліметінше, облыста құрылыс саласына бақылау күшейтіліп келеді. Былтырғы мониторинг нәтижесінде 18 бюджеттік нысанда анықталған бұзушылықтардың 5-і толық жойылып, 5 нысанда жұмыстар жалғасуда.

Аймақ басшысы аталған мәселе бойынша нақты әрі жедел шешім қабылдаудың маңызын атап өтті.

Облыс аумағында құрылыс нысандарының сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы және қарағалауды жүзеге асыру – қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Себебі кез келген құрылыс нысаны заң талаптарына сәйкес және халық үшін қауіпсіз болуы қажет. Бұл саладағы барлық мәселелер нақты әрі жедел шешімді талап етеді. Өрбір бағыт бойынша жауапты тұлғалар айқындалып, нақты орындау мерзімдері белгіленуі тиіс. Бұл жұмыста формальды тәсіл емес, нақты нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз етуіміз қажет, – деді Берік Уәли.

Облыс әкімі жауапты басқармалар мен аудан, қала әкімдеріне құрылыс нысандарындағы құжаттарды заң талаптарына сай рәсімдеуді бақылауға алуды, анықталған бұзушылықтарды қысқа мерзімде толық жоюды, іске



асырылмай қалған жобалық-сметалық құжаттамаларға талдау жүргізіп, олардың тиімділігі бойынша ұсыныс енгізуді тапсырды. Сондай-ақ бюджеттік жобалардың қаржысының тиімді игерілуін қамтамасыз ету, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы аясындағы медициналық нысандардың инженерлік желілерін заң талаптарына сәйкес рәсімдеу міндеті жүктелді. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына құрылыс нысандарындағы сапаны, нормативтердің сақталуын және жұмыс кестесінің орындалуын тұрақты бақылауда ұстап, мониторинг жұмыстарын жүйелі жүргізу тапсырылды. Жиында аймақ басшысы мемлекеттік сатып алу жүйесінің

маңызын атап өтіп, бұл бағытта нақты әрі жүйелі жұмыс жүргізу қажеттігін айтты.

Мемлекеттік сатып алу, бұл – мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз етудің негізгі құралдарының бірі. Сондықтан біз экономикалық қажеттіліктерді ғана емес, бәсекелестік ортаны дамыту, ашықтық пен конкурстық рәсімдердің қолжетімділігіне аса мән беруіміз қажет, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, облыста мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заң талаптарына сай сапалы өткізу мақсатында орталықтандырылған оқыту семинары өтті. Оған 585 адам қатысты.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ПОДПИСКА НА ГАЗЕТЫ

SEMEI tañu

ВЕСТИ СЕМЕЙ

ЖАҢАРҒАН ЖАҢАСЕМЕЙ

ЖАНА СЕМЕЙ СЕГОДНЯ

БІЗДІҢ БЕСҚАРАҒАЙ

НАШ БЕСҚАРАҒАЙ

ЖАҢА УАҚЫТ

НОВОЕ ВРЕМЯ

2026



ЕЛ ЖАНАЛЫҚТАРЫ

МҮГЕДЕКТИКТІ РӘСІМДЕУ
ТӘРТІБІ ЖЕҢІЛДЕТІЛЕДІ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қомада жатқан азаматтар үшін мүгедектікті рәсімдеу тәртібін едәуір жеңілдетуді көздейтін бұйрық жобасын әзірледі. Осы мақсатта ведомство медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу және мемлекеттік төлемдерді тағайындау қағидаларына қатысты өзгерістер әзірлеген.

Ұсынылып отырған түзетулер қомада жатқан азаматтарға қатысты құжаттарды рәсімдеу тәртібін едәуір жеңілдетуді көздейді. Енді жаңа тәртіпке сәйкес, медициналық-әлеуметтік сараптамаға өтініш беру құқығы науқастың жақын туыстарына немесе жұбайына заң жүзінде бекітіледі.

Министрліктің мәліметінше, қомада жатқан азаматқа мүгедектік мәртебесін уақтылы белгілеу және мемлекеттік жәрдемақыны дер кезінде тағайындау жеңілдейді.

Қазіргі уақытта бұйрық жобасы «Ашық НҚА» порталында қоғам талқылауына шығарылған.

nur.kz

ТУРНИР ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

Қазақстандық теннисші Ахмади Маханов Чэнду (Қытай) қаласында өткен ITF World Tennis Tour Juniors J60 сериясындағы доданың титулын жеңіп алды. Финалдық кездесуде 14 жасар отандасымыз Қытай Тайбэйінің өкілі К.Маодан айласын асырды. Тартысты өткен матч 6:2, 6:4 есебімен Ахмадидің пайдасына шешілді.

Айта кетейік, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Маханов Еуропалық теннис қауымдастығының (Tennis Europe Tour) беделді «Жылдың үздік шетелдік ойыншысы» марапатына ие болған еді. Бұл номинация еуропалық емес аймақтардан шығып, үздік нәтиже көрсеткен талантты теннисшілерге беріледі.

nur.kz

КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ
ТРАНСФОРМАЦИЯДАН ӨТЕДІ

Премьер-министрдің орынбасары — мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Президент Жарлығын жүзеге асыру аясында көші-қон саясатына енгізілген жаңа тәсілдерді түсіндірді. Үкімет әкімшілік бақылаудан инвестициялар үшін ашық әрі икемді орта қалыптастыруға және жоғары білікті кадрларды тартуға бағытталған сервистік модельге көшіп жатыр. «Алтын виза» тетігі енгізілуде, сондай-ақ тапшылығы бар, жоғары технологиялық салалар үшін біліктіліктерді тану рәсімдері жеңілдетіліп, «бір терезе» қағидағы бойынша барлық процесс толық цифрландырылып жатыр.

kaz.inform.kz

ДИМАШ ҚҰДАЙБЕРГЕННІҢ
ЕСІМІ БЕРІЛДІ

Аргентинадағы Димаштың жанкүйерлері (Dears) музыкалық аспаптарға мұқтаж мектептерді қолдауға бағытталған жаңа қайырымдылық жобасын бастады. Жоба Аргентинадағы Димаш Құдайберген жанкүйерлері мен «La Era Dimash» командасының қолдауымен жүзеге асырылды.

Акцияның алғашқы нысаны ретінде Мар-дель-Плата қаласындағы генерал Хосе де Сан-Мартин атындағы №5 бастауыш мектебі таңдалды. Жанкүйерлер мектепке қажетті музыкалық аспаптар мен оқу құралдарын табыстады. Фан-клуб мүшелері сыйлықты жеткізу үшін 400 шақырымнан астам жол жүрген. Жобаның мақсаты — балаларға музыкамен айналысуға мүмкіндік беру, олардың шығармашылығын дамыту және өзге елдердің, соның ішінде Қазақстанның мәдениетімен таныстыру.

Мектеп әкімшілігі бұл игі іске алғыс ретінде мектептің музыка кабинетіне Димаш Құдайбергеннің есімін берді.

24.kz

МОБИЛЬДІ АУДАРЫМДАР
ТЕКСЕРІЛЕДІ

Салық органдары аударымдар бойынша мәліметтерді банктерден алып, сүзгіден өткізіп жатыр. Нақты кімнің мобильді аударымдары салық органдарының бақылауына ілінеді? Қандай жағдайда банктер азаматтардың мобильді аударымдары туралы мәліметтерді салық органдарына ұсынады? Мемлекеттік кірістер комитеті нақты жауап берді.

Еске сала кетсек, бұған дейін Қаржы вице-министрі Ержан Біржанов мобильді аударымдар бойынша барлық дерек банктерден толық жиналғанын мәлімдеген болатын. Қазір салық органдары оларды өңдеп, талдап жатыр. Өзірге нақты қандай санаттар анықталатыны белгісіз, өйткені әр азаматтың мәртебесі жеке қарастырылады. Сондай-ақ деректер бірнеше банктен түсуі мүмкін болғандықтан, оларды біріктіріліп, қайталанған ақпараттар сүзгіден өткізіліп жатыр.

Алғашқы ескертулер мен хабарламалар азаматтарға мамыр айынан бастап жіберіле бастайды.

baq.kz

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ
ЖАЛАҚЫСЫ ӨСЕДІ

Жалақы кемінде үш жылда бір рет индексацияланады, бұл табыстың тұрақты өсуін қамтамасыз етеді. Қазақстанда мемлекеттік қызметке қабылдау толық цифрлық форматқа өтеді. Іріктеу енді «Е-қызмет» жүйесі арқылы жүргізіліп, қағазбастылық жойылады. Жалақы кемінде үш жылда бір рет индексацияланады, бұл табыстың тұрақты өсуін қамтамасыз етеді. Әлеуметтік пакет кеңейтіліп, тұрғын үйге жеңілдік, қосымша демалыс және 25 жылдан аса еңбек етілі барларға зейнетақы өтемақысы енгізіледі. Төлімгерлік күшейіп, тәжірибелі мамандар жас кадрларға қолдау көрсетеді.

Тәртіптік жүйе де жұмсартылады — әр жағдай жеке қаралады. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілерді қорғау шаралары күшейтіліп, еңбек жағдайлары нақты регламенттеледі.

Қазір елде шамамен 83 мың мемлекеттік қызметші жұмыс істейді.

aikyn.kz

НЕКЕ ЕҢ КӨП ТІРКЕЛЕТІН
ҚАЛА АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстанның қай қаласында неке ең көп тіркелетіні белгілі болды. Неке кiuо саны бойынша Алматы ең бастап тұр. 2026 жылдың басынан бері қалада 4 600 жаңа отбасы құрылған.

Статистикаға сүйенсек, Алматыда күн сайын шамамен 70 жұп некеге тұрады. Орта есеппен әйелдер 29 жасында тұрмысқа шықса, ерлер 32 жасында үйленеді. Биыл ең жасы үлкен күйеу жігіт — 92 жастағы зейнеткер. Ал ең жас жұп небәрі 16 жаста болған. Алайда, неке саны жоғары болғанымен, ажырасу көрсеткіші де аз емес. Жыл басынан бері қалада 934 жұптың некесі бұзылған. Орта есеппен ер адамдар 39 жасында, ал әйелдер 37 жасында ажырасуға шешім қабылдайды.

Stan.kz

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

«АБАЙ ҚЫРАНДАРЫ» ЕЛ ҮМІТІН АҚТАДЫ

Сәуір айының 19-ы мен 25-і аралығында **Өзбекстан Республикасының Шыршық қаласында «Vataparvarlar» халықаралық әскери-спорттық жарысы өткен болатын. Халықаралық додада ел намысын Абай облысынан барған «Абай қырандары» әскери-патриоттық клубы қорғады. Жас сарбаздар жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, жалпыкомандалық есепте жүлделі II орынды иеленді.**

Ай-Керім ЖАҚЫП,
«Semei tañy»

Команда көкейлеген сайыстарда да тамаша нәтижелерге қол жеткізді. Әскерилендірілген эстафета мен арқан тарту сайысында бірінші орынға ие болса, мылтық ату, белтемірге тартылу және автоматты белшектеу-жинақтау кезеңдерінде екінші орын алды. Ал алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша үшінші орынды қанжығасына байлады. Бұл көрсеткіштер жас сарбаздардың жан-жақты дайын екенін дәлелдейді.

Елге жеңіспен оралған әскери-патриоттық клуб тәрбиеленушілерімен ҚР Қорғаныс министрі авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов Астана қаласында кездесті.

— Сіздердің жетістіктеріңіз тек спорттық нәтиже емес, ол — жауапкершілік пен табандылықтың, ерік-жігер мен патриотизмнің айғағы. Сол арқылы ел беделін көтеріп, жас ұрпаққа үлгі болдыңыздар. Абай туған қасиетті жерден шыққан жастардың рухы мықты, Отанға адал әрі бәсекеге жеңіске жете алатынын дәлелдедіңіздер, — деді құттықтау сөзінде Дәурен Қосанов.

Сонымен бірге облыс әкімі Берік



Уәли де халықаралық додада жүлдегер атанған жас сарбаздармен кездесті.

Аймақ басшысы кездесуде жас сарбаздарды жеңіспен құттықтап, алдағы өтетін жарыстарда сәттілік тіледі.

—Осыдан екі апта бұрын ғана біз осы залда өздеріңізді халықаралық деңгейде ел намысын қорғауға ақ жол тілеп, аттандырған едік. Бүгін, міне, сол сеніміміз ақталып, жеңіспен оралып отырсыздар. Сіздер облыстың ғана емес, еліміздің атынан сайысқа түстіңіздер. Бұл жетістіктеріңіз кездейсоқ емес. Бұл жеңіс — сіздердің қажырлы дайындықтарыңыз бен бірліктеріңіздің жемісі. Команда құрамындағы «Айбын-2025» жиынының

жеңімпаздары Ш. Уәлиханов атындағы «Жас Ұлан» курсанттары, сонымен қатар Семей қаласының, Жарма, Аяғз және Бородулиха аудандарының ең үздік оқушылары өздерінің мықтылықтарын халықаралық аренада дәлелдей білді. Біз сіздермен мақтанамыз. Жеңістеріңіз құтты болсын! Халықаралық додада биіктен көрінгендеріңіз үшін облыс жұртшылығы атынан алғысымды білдіремін, — деді Берік Уәли.

Шара барысында жас сарбаздар мен олардың ұстаздарына құрмет көрсетіліп, арнайы сертификаттар мен Алғыс хат табысталды.

Айта кетсек, жарыстың басты мақсаты — мектеп оқушыларының бойында Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, халықаралық деңгейде достық қарым-қатынасты нығайту және жастарды жат идеологиялардан қорғау болды. Аталған дода Чирчик қаласындағы Әскери қауіпсіздік және қорғаныс университетінің Құрлық әскерлері институты базасында ұйымдастырылып, Әмір Темірдің 690 жылдығына арналды. Байрақты бәсекеге Қазақстан, Өзбекстан, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей және Өзбекстан елдерінің командалары қатысып, өзара мықтыны анықтады.

«ҚАЛАДАН – АУЫЛҒА»

КӨКПЕКТІ ЖАҢА ТҮРҒЫНДАРДЫ КҮТЕДІ

Облыс әкімі Берік Уәлидің бастамасымен өңірімізде жүзеге асырылып жатқан «Қаладан – ауылға» жобасы аясында Көкпекті ауданына да қаладан отбасылар көшіп келе бастады.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tañy»

Сәуір айында Преображенка ауылындағы «Боғас» шаруа қожалығының басшысы Дәулет Қарықолов Семей қаласынан жас отбасын көшіріп әкелді. Баспана беріп, 4 миллион теңге көлемінде қаржы бөліп, жұмыспен қамтамасыз етті.

— Алмаз бен Елена Құрманғалиевтар Семей қаласынан қоныс аударды. 2003 жылы туған Алмаз шаруа қожалығында жұмысқа тұрды, Елена бала күтімімен үйде отыр. Жас отбасы жаңа ортаға тез бейімделеді деп сенеміз, — дейді шаруашылық басшысы.

«Боғас» шаруа қожалығы 2000 жылы құрылып, егін және мал шаруашылығымен айналысады. Қазіргі таңда шаруашылық жеті адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Басшысы Дәулет Қарықолов - ауыл шаруашылығы саласында мол тәжірибесі бар кәсіпкер.

Жобаға қолдау көрсетіп отырған тағы бір ірі шаруашылық - Үкіліқыз ауылындағы «Өрнек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Серіктестік «Қаладан – ауылға» пилоттық жобасы аясында қоныс аударушыларды қабылдауға дайын. Ауылға келген азаматтарды баспанамен қамтамасыз етіп, тұрақты жұмысқа орналастырады.

1996 жылы құрылған «Өрнек» ЖШС бүгінде сүт бағытындағы ірі қара мал өсіру және егін шаруашылығымен айналысатын ірі кәсіпорынға айналған. Мұнда 150-ден астам адам еңбек етуде. Шаруашылық заманауи ауыл шаруашылығы техникаларымен толық жабдықталған, Германиядан әкелінген симментал тұқымды 1470 бас асыл тұқымды ірі қара өсірілуде. Оның ішінде 700-ден астамы сауынды сиыр болғандықтан, күн сайын 12–13 тон-

ТУРИЗМ

ҚАРАПАЙЫМ АУЫЛ БАЛАСЫНАҢ
ӘЛЕМ НАЗАРЫНДАҒЫ АВТОРҒА ДЕЙІН

Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tañy»

Жақында әлемнің үздік тревел-блогері атанған Дастан Мұхамедрахым Мемлекет басшысы Тоқаевпен кездесті. Жағмыр жайт туралы блогер әлеуметтік желідегі парақшасында бөлісті. Кездесу барысында ол Президентке шығармашылығы жайлы айтып берді. Блогер Мемлекет басшысымен кездесу өзі үшін үлкен мәртебе екенін атап өтті.

— Мен негізі «Қазақ тілі және әдебиеті» пәнінің мұғалімімін, бірақ жан дүнием үнемі шығармашылыққа тартып тұрды. Сөйтіп, бірнеше жыл бұрын блогерлікті бастаған кезде, мұндай дәрежеге жетемін деп күтпедім, — деді ол.

Ол Қасым-Жомарт Тоқаевқа видеоларының арқасында қандай жетістікке жеткенін айтты.

Қазіргі цифрлық дәуірде әлеуметтік желі тек көңіл көтеру алаңы ғана емес, үлкен мүмкіндіктерге жол ашатын қуатты құралға айналды. Бұрын тек кәсіби студиялар мен ірі продакшн орталықтар ғана сапалы бейнеөнім ұсына алса, бүгінде қарапайым ауылдан шыққан дарынды жастар да әлемдік аудиторияға жол тауып отыр. Соның жарқын мысалы - облысымыздың тумасы Дастан Мұхамедрахым. Оның әлеуметтік желідегі небәрі үш видеосы мыңдаған көрерменнің көңілінен шығып, 20 миллионнан астам қаралым жинаған.

Дастан Мұхамедрахым Ақсуат ауданына қарасты Қызылқасқы ауылында дүниеге келген. Табиғаты көркем, тынысы кен, таулы өңірде өскен бала жастайынан айналасындағы сұлулықты ерекше қабылдайды. Көкжиекке дейін созылған дала, тау бөктеріндегі таңғы тұман, күннің қызарып батуы — мұның бәрі оның эстетикалық талғамын қалыптастырды. Сол кездің өзінде ол осы көріністерді тек өзі ғана тамашаламай, өзгелерге де жеткізгісі келетінін сезіне бастайды.

Алайда ол өмір жолында бірден шығармашылыққа бет бұрған жоқ. Ауыл баласына тән еңбекшілікпен түрлі жұмыстарды атқарды, тіпті бір кезде шопан да болды. Кейін жоғары білім алып, мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Ұстаздық - жауапкершілігі мол, үлкен жүректі талап ететін мамандық. Дастан бұл салада да өзін жақсы қырынан көрсете білді. Мектеп қабырғасында жүріп SMM маманы ретінде де жұмыс істеп, әлеуметтік желінің қыр-сырын меңгере бастады. Дәл осы кезеңде оның видео түсіруге деген қызығушылығы оянып, біртіндеп үлкен мақсатқа айналды. Алғашында қарапайым телефонмен түсірілген видеолар уақыт өте келе кәсіби деңгейге көтеріле бастады. Ол өз білімін жүйелі түрде жетілдіріп, YouTube платформасы арқылы монтаж, кадр композициясы, жарық қою, түстерді өңдеу сияқты маңызды дағдыларды меңгерді. Ешқандай арнайы оқу орнын бітірмесе де, үздіксіз ізденіс пен тәжірибе оны бүгінгі деңгейіне жеткізді.



Көкпекті ауданы



ЖИ көмегімен жасалды

на сүт өндіріледі. Үкіліқыз ауылында бастауыш мектеп жұмыс істейді, жоғары сынып оқушылары Преображенка ауылындағы мектепке арнайы бөлінген автобуспен қатынап оқиды.

Көкпекті ауданы жаңа тұрғындарды күтеді.

ӘЛЕУМЕТ

ЖАҢА ОҚУ
КАБИНЕТТЕРІ
АШЫЛДЫ

Семей қаласындағы Отбасын қолдау орталығы әлеуметтік қолдау бағытындағы жұмыстарын кеңейтіп, жаңа оқу және қызмет көрсету кабинеттерін іске қосты.

Ай-Керем МАҚЫШ,
«Semei tañy»

Қала әкімі Әділет Қожанбаев орталыққа арнайы барып, әлеуметтік нысанның тыныс-тіршілігін танысты.

Семей қаласы әкімінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, жаңартылған орталықта келушілерге түрлі кәсіптік дағдыларды меңгеруге мүмкіндік жасалған. Атап айтқанда, заманауи құралдармен жабдықталған тігін шеберханасында тұрғындар тігін ісін үйрене алады. Сонымен қатар аспаздық шеберлік сабақтарын өткізуге арналған заманауи ас үй аймағы жұмыс істейді. Мұнда келушілер кулинарлық дағдыларды меңгере алады.

Орталық тек кәсіби бағытпен шектелмей, денсаулық пен сұлулық саласын да қамтиды. Мұнда сауықтыру қызметтеріне арналған массаж кабинеттері жұмыс істейді. Ал визаж және косметология негіздерін үйрететін арнайы бөлме сұлулық индустриясына қызығушылық танытқан азаматтарға үлкен мүмкіндік беріп отыр.

Балалы ата-аналар үшін де қолайлы жағдай жасалған. Орталықта балаларға арналған ойын аймағы қарастырылған. Сондай-ақ келушілер дене шынықтырумен де айналыса алады. Орталықта қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған жаттығу залы бар.

Қызмет көрсету үдерісі де заманауи форматта ұйымдастырылған. Орталық қызметтерін тұрғындар тікелей келіп пайдалана алады немесе FSM Social цифрлық платформасы арқылы онлайн түрде қол жеткізе алады.

Бұл — қала тұрғындарының өмір сапасын арттыруға, олардың жаңа дағдыларды меңгеріп, жұмысқа орналасуына ықпал ететін маңызды әлеуметтік жоба.





СҰХБАТ

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ - МІНДЕТ ПЕН МҮМКІНДІК



- Айдос Жасқадырұлы, әскердегі тәртіптің маңызы неде?

- Әскердегі тәртіп — әрбір әскери қызметшінің заңдар мен жарғы талаптарын, сондай-ақ командирлердің бұйрықтарын бұлжытпай орындауы. Тәртіп бар жерде басқару оңай, ал бөлім кез келген уақытта тапсырманы орындауға дайын болады. Екіншіден, біртұтастық - әскерді қарулы топтан ұйымдасқан күшке айналдыратын басты фактор — темірдей тәртіп. Үшіншіден, қауіпсіздік - бұйрықтың нақты орындалуы қару-жарақпен жұмыс істеу кезіндегі қателіктерді азайтып, сарбаздардың өмірін сақтайды. Төртіншіден, жеңіске жету - тарих көрсеткендей, соғыста саны көп болмаса да, тәртібі мықты әрі рухы биік әскер жеңіске жетеді. Және де тәртіптің саналы болуы әскери қызметшінің өз Отаны алдындағы жауапкершілігін терең түсінуін білдіреді.

- Әскерге бару үшін қандай талаптар қойылады?

- Қазақстанда мерзімді әскери қызметке 18 бен 27 жас аралығындағы азаматтар шақырылады. Өздеріңіз білетіндей, әскерге денсаулығы мығым, дәрігердің есебінде тұрмайтын, бұрын-соңды жауапкершілікке тартылмаған азаматтар алынады. Әскерге қабылдау қатаң талап бойынша жүргізіледі. Шақырылушы міндетті түрде медициналық тексеруден өтеді. «А» санаты толық жарамды, «Б» — шектеумен жарамды, яғни денсаулығында аздаған ауытқулары барлар. Егер азаматтың салмағы 45 келіден төмен болса немесе 3-ші дәрежелі семіздік анықталса, әскерге алынбайды. Сонымен қатар білім, отбасылық жағдай, соттылық сияқты факторлар да ескеріледі. Кейбір жағдайда кейінге қалдыру мүмкіндігі қарастырылған. Мысалы, колледж немесе жоғары оқу орындарында күндізгі бөлімде оқитын студенттерге оқу мерзімі аяқталғанға дейін кейінге қалдыру құқығы беріледі. Сондай-ақ әскерге шақырылушы отбасында жалғыз асыраушы болса немесе ата-анасы мүгедек болған жағдайда әскерден босатылуы немесе мерзімі кейінге шегерілуі мүмкін. Қылмыстық құқық бұзушылығы бар немесе тереңде жүрген азаматтар да әскерге шақырылмайды. Егер азаматтың жүргізуші куәлігі (әсіресе «С» санаты), аспаз, байланысшы немесе ІТ маманы деген сертификаттары болса, оның мамандығы бойынша қызмет ету мүмкіндігі жоғарылайды.

- Жастар әскери қызметке қалай дайындалуы керек?

- Әскерге жарамды азаматтардың өздерін физикалық және психикалық тұрғыдан алдын ала дайындағандары дұрыс, әрине. Денсаулықты күтіп, дене дайындығына мән беру қажет. Шынығып, жатығу жасау керек, күнара 3-5 шақырымға жүгіруді әдетке айналдырған жөн. Мүмкіндік болса, белгілі бір спорт түрімен шұғылдану өте пайдалы. Өзін-өзі психологиялық тұрғыда дайындау дегеніміз, бұл - үйреністік жайлы ортадан шығу, тәртіпке үйрену, ерте тұруға дағдылану, ұжымда жұмыс істей білу, өзгені тыңдай білу, жанжалдарды сабырмен шешу және жолдасқа көмек көрсетуімізге дайын болу, эмоцияны басқара алу. Әскерде қатаң иерархия мен бұйрықтар болады. Сондықтан тәртіпті болу керек. Зиянды әдеттерден бас тарту маңызды. Сонымен қатар мектептегі алғашқы әскери дайындық сабақтарына жауапкершілікпен қарау керек. Алғашқы әскери дайындық сабақтарында оқушылар қару-жарақты жалпы ережелерімен танысып, тиісінше мағлұмат алады. Әскерге барғысы келетін жасөспірімге кез келген уақытта өзін дамытуға, шыңдауға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ азамат өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгеруі керек. Сонда оған әскери өмірге бейімделу жеңіл болады.

Еліміздің қауіпсіздігі мен тұрақтылығы әрқашан бірінші орында. Ел тыныштығын айбынды әскеріміз күзетіп отыр. Ал әскер сарбазсыз болмайды. Қазіргі жас буының әскери қызметке көзқарасы, әскердің бүгінгі тыныс-тіршілігі көпшілікті қызықтыратыны анық. Осы орайда біз Семей қаласы және Жаңасемей ауданының біріктірілген қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы полковник Айдос Медетбековпен сұхбаттасқан едік.



- Сарбаздың күнделікті өмір қалай өтеді? Бұрынғы әскер мен қазіргі әскер арасында қандай айырмашылық бар?

Жалпы әскердегі өмірдің өзі қатаң кестеге негізделген. Мұндағы сарбаздардың әрбір минуты есептеулі. Таңғы сағат 6 да ұйқыдан тұрып, 7 ге дейін таңертеңгілік яғни, жүгіру турникке тартылу жатығуларын жасайды. Ал, сағат сегіз жарымға дейін жуыну, төсек орын жинау, таңғы ас сынды жұмыстар атқарылады. Сағат 9 бен түскі 1 аралығында оқу-жаттығу сабақтары саптық дайындық пен тактика және қарумен жұмыстармен айналысады. Одан кейін түскі ас пен жеке демалыс уақыты болса, сағат үш пен алты аралығында арнайы дайындық немесе техникалық қызмет көрсетумен шұғылданады. Кешкі сағат 7 мен 9 аралығында кешкі ас және кешкі серуен мен жаңалықтар көру уақыты болмаса саппен өлең айту сынды дүниелермен уақыт өткізеді. Одан кейін кешкі тексеріс пентуйқыға жату уақыты болады. Бұл сарбаз өміріндегі күнделікті қайталанатын үрдіс.

Қазіргі әскерде физикалық күштен гөрі интеллектуалдық және технологиялық дайындыққа көбірек көңіл бөлінеді. Бұрын әскерде қызмет ету мерзімі 2 жыл болса, қазіргі таңда 1 жыл ғана. Сарбаздар бұрын өздері тамақ әзірлеп, еден жуатын, ал бүгінгі таңда ол қызметтерді жеке компаниялар орындайды. Тағы бір айта көтеріліп, бұрын әскердегі сарбазар туыстарымен тек хат алмасу арқылы ғана тілдессе, қазіргі таңда жақындарымен ұялы байланыс арқылы жиі хабарласып тұрады. Бұрынғы әскерде ас мәзірі стандартты болса, қазіргі сарбаздарға каллориясы мол тағамдар беріледі. Сондай-ақ бұрын қызметтен кейін белгілі бір шектеулер болған, қазіргі таңда оқуға түсу мен несие төлеумен шегеру сынды жеңілдіктер де қарастырылған.

- Әскер қатарына қабылданған сарбаздар алғашқы кезде қандай қиындықтарға тап болады?

- Әскердегі алғашқы айлар жас сарбаз үшін — тек физикалық сынақ ғана емес, үлкен психологиялық бейімделу кезеңі. Сарбаздар әр түрлі қиындықтарға тап болады, оларды бірнеше топқа бөлуге болады. Бірінші - психологиялық қиындықтар. Әсіресе үйнен ұзап шықпаған жастар үшін алғашқы айларда әскердегі өмірге үйрену қиындақ туғызады. Сағыныш, жабырқау сезімі алғашқы айларда қатты сезіледі. Сонымен қатар әр қадам бұйрықпен жасалатын, жеке кестісіз шектеулі ортаға үйрену де моральдық тұрғыдан ауыр тиеді. Мінезі әртүрлі адамдармен бір ұжымда өмір сүру кейде түсініспеушілікке әкелуі мүмкін.

Екінші - физикалық жүктемелер. Таңғы 06:00-де тұру, күнделікті жаттығулар, ұзақ қашықтыққа жүгіру

денеге үлкен күш түсіреді. Климат та денсаулыққа әсер етуі мүмкін.

Үшінші - тұрмыстық және тәртіптік сынақтар. Сарбаз енді киімін өзі үтіктеп, тазалық сақтау сияқты үй шаруаларын орындауы тиіс. Сонымен қатар арнайы нормативтерді орындау керек: қаруды белгіленген уақытта жинау, қорғаныс киімін дұрыс киеу сияқты арнайы талаптар да күйзеліс тудыруы мүмкін.

Төртінші - жауапкершілік жүгі. Командирдің бұйрығын мүлтіксіз орындау және кез келген қателік үшін тек өзі емес, бүкіл бөлімшенің жауап беретінін сезіну — үлкен сынақ.

Көбіне бұл қиындықтар алғашқы күндері байқалады. 2-3 айдан соң сарбаз әскердегі тәртіпке үйренеді.

- Жастардың әскери қызметке деген қызығушылығы қандай деңгейде?

- Кез келген тәуелсіз елдің басты тірегі — оның әскері. Конституциясы бойынша Отанды қорғау — әрбір азаматтың қасиетті борышы. Кәсіби әскер қаншалықты мықты болса да, ел басына күн туған кезде мемлекетке дайындалған мобилизациялық резерв - қару ұстай алатын ер-азаматтар қажет.

Жалпы алғанда, қазіргі жастардың әскерге деген көзқарасы екі түрлі деуге болады. Бірі — саналы түрде барады, әскери борышын өтеуді мүмкіндік деп қарайды, ал енді бірі жалтаруға тырысады. Екі жақтың да өз себептері бар.

Қазіргі таңда әскерге бару азамат үшін тек міндет емес, үлкен мүмкіндікке айналып отыр. Өздеріңізге белгілі, әскерге барып келген азаматтарға мемлекет тарапынан жеңілдіктер бар. Отан алдындағы борышын өтеп келген азаматтың грантқа оқуға түсуі мүмкіндігі бар. Әскердегі міндеті - жақсы қызмет атқару, көзге түсу. Бір жылдың ішінде өзін жақсы жағынан көрсетсе, оған сертификат беріледі. Ешқандай емтихансыз кез келген жоғары оқу орнына түсе алады. Бұдан бөлек, әскерге барған жастарға 13 айға дейін кредиттік қаникул беріледі. Сонымен қатар әскери оқу орнына, әскери кафедраға тегін түсе алады. Мемлекет осындай мүмкіндіктерді қарастырып отыр. Мемлекеттік қызметте, полицияда немесе төтенше жағдайлар органдарында жұмыс істеу үшін әскери билет талап етіледі.

Әскерге барғысы келетін жастардың қатары көбейіп келеді. Әскерге өз еркімен, белгілі бір мақсатпен баратын жастар көп.

Дегенмен қазіргі таңда әскерге баруды «міндет» қана емес, «саналы таңдау» деп қарайтын жастар да көп. Олардың пікірінше, технология дамыған заманда саннан гөрі сапа маңызды. Әркім өз саласында

елге пайдасын тигізе отырып та Отанды қорғай алады. Егер азамат физикалық және психикалық тұрғыдан дайын болса, әскерге бару оның азаматтық тұлғасын толықтырады.

Ал әскерге барудан жастар неге қашады? Біріншіден, қазір ақпарат көздері ашық. Бұрын әскердегі жағдайлар туралы көп айтылмаса, бүгінде әлеуметтік желілер арқылы барлық жаңалық тез таралады. Бұл, әрине, жастар мен ата-аналардың қорқынышын туғызып, алаңдауына себеп болады.

Екіншіден, қазіргі жастар (Z буыны) уақытты басқаша бағалайды. Көпшілігі бір жылын әскерге емес, мансап пен табыс табуға арнағанды дұрыс көреді.

Үшіншіден, денсаулық мәселесі де бар. Жалпы, соңғы жылдары әскердегі жағдай да айтарлықтай жақсарды. Тамақтану, киім-кешек, байланыс — бәрі бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жақсы. Мемлекет те бұл салаға ерекше көңіл бөліп отыр.

- Әскердегі достық пен ұжымдық рух туралы не айтасыз?

- Әскердегі достық пен ұжымдық рух — тек жақсы қарым-қатынас ғана емес, бөлімшенің жауынгерлік қабілетін айқындайтын негізгі фактор. Төтенше жағдайда жаныңдағы адамға сенімді болу, жауынгерлік бауырластық өте маңызды. Жолдасына сенетін сарбаз тапсырманы орындауға батыл кіресің. Ұжымдық рух сарбаздарды бірге жұмыс істеуге, қиындықтарды бірге еңсеруге үйретеді. Әскер — стресс көп болатын орта, сондықтан сарбаздар бір-бірін қолдай білуі қажет. Достық қарым-қатынас қиындықты жеңілдетіп, оқшаулану мен күйзеліске жол бермейді.

Ұйымдық рухымыз жеңіске жету мүмкіндігі жоғары болады. Ұзақ уақыт бірге қызмет атқарған сарбаздар бір-бірін жақсы түсінеді және еш сөз айтпай үйлесімді әрекет ете алады. Сондай-ақ ұжымдық жауапкершілік деген бар: әр сарбаз өз мүддесін екінші орынға қойып, бөлімшенің абыройы үшін жұмыс істейді. Ортақ мақсат жолында сарбаздар жеке мүддесін шетке ысырып, бүкіл бөлімшенің абыройы үшін еңбек етеді. Өмірлік достықтың негізі қаланады.

- Әскери тәртіп адамның мінез-құлқына қалай әсер етеді?

- Әскердегі бір жыл жас буынның өмірлік тәжірибесіне айналатын кезең. Әскери тәртіп адамның ішкі өлемің қайта құрып, мінездің «төзімділік қаңқасын» қалыптастырады. Бір жылда жас сарбаздар әскери тәртіпке, жауапкершілік пен жинақылыққа үйренеді. Тәртіп пен жауапкершілік адамды шынықтырады. Қазіргі жайлы ортада (комфорт зонасында) әскер жастар үшін әскер — қиындыққа қарсы тұруды үйрететін орта. Әскердегі әрбір іс мінсіздікті талап етеді. Бұл адамды ұқыпты болуға, уақытты бағалауға үйретеді. Ерік-жігерді шыңдайды, өзін-өзі бақылауға, сабырлыққа тәрбиелейді. Әскери ортада ұжымдық рух, сенімділік пен шешім қабылдау қабілеті дамины. Әскерден өткен адам өмірге басқаша қарайды. Тәртіптің мәнін түсінеді, қиындықтан қашпайды. Сарбаздардың көбі әскердегі бір жылдың қаншалықты пайдалы болғанын түсінеді. Әскерде шыңдалған жігіт ертең өз отбасына да, қоғамға да, елге де пайдалы азамат болады. Бір сөзбен айтқанда, тәртіп адамды «сөздің адамынан» «істің адамына» айналдырады.

- Сұхбат соңында жастарға айтарыңыз...

- Отанды қорғау - әр азаматтың қасиетті борышы. Еліміздің қауіпсіздігін қорғау мақсатында кез келген ер азамат Отанын қорғауға дайын болуы керек. Отанды қорғау — ортақ міндетіміз. Жастарға айтарым — отаншыл азамат әскери борышын өтеуге асығады деген ойдамын. Сондықтан жастарымызды әскер қатарына, Отан алдындағы борышын өтеуге шақырамын.

- Сұхбатыңызға рақмет! Істеріңізге сәттілік тілейміз!

**Сұхбаттасқан Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»**

«ЖАС ҰЛАН» - ЕЛ ҚОРҒАНЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ОРТА

Еліміздің болашағы саналы, білімді, отаншыл ұрпақ тәрбиелеумен тығыз байланысты. Осы бағытта ерекше миссия атқарып отырған білім ордаларының бірі – Семей қаласындағы дарынды балаларға арналған Ш.Уәлиханов атындағы «Жас Ұлан» арнайы ерлер мектеп-лицей-интернаты. Отан қорғаушылар күні қарсаңында біз осы оқу орны туралы айтуды жөн көрдік.

**Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»**

Бүгінде «Жас ұлан» лицейі жаратылыстану-математика бағытында сапалы білім бере отырып, әскери мамандыққа бейімделген оқу мен тәрбиені қатар жүргізіп келеді. Мұндағы білім беру үдерісі тәрбие жұмысымен тығыз ұштасқан. Ұландар ішкі тәртіп ережелерін сақтап, оқу орнының жатақханасында тұрады және әскери өмір салтына бейімделеді. Күн тәртібін орындау, әскери киім үлгісін сақтау, үлкенге құрмет көрсету, жауапкершілік пен өзін-өзі басқару дағдыларын меңгеру — лицей тәрбиесінің негізгі бағыттарының бірі. Оқу орны 1995 жылдан бастап республика бойынша алғашқылардың бірі болып 4-сыныпты аяқтаған ер балаларды қабылдай бастады. Лицейге қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 12 қаңдағы №564 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптардың бірі — денсаулығының әскери қызметке жарамды болуы. Сонымен қатар оқушылар математика, оқу тілі және дене тәрбиесі пәндерінен емтихан тапсырып, психологиялық тестілеуден өтеді. Оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізінде құрылған. Білім беру мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес ұйымдастырылып, лицейдің әскери-патриоттық бағытына сай пәндермен және арнайы курстармен толықтырылған. Бағдарламаның басты ерекшелігі — оқушылардың жалпы орта білім алуымен қатар, әскери тәртіпке, дене дайындығына, патриоттық тәрбиеге және жауапкершілікке жүйелі түрде баулынуы.

- Ұландардың күн тәртібі нақты жоспарланған. Таңертеңгі саптан кейін 8:20-да сабақ басталады. Сабақтан соң түскі ас, демалыс уақыты қарастырылған. Одан кейін қосымша сабақтар, пәндік үйірмелер және олимпиадаға дайындық жүргізіледі. Сағат 16:00-ден бастап оқушылар өз қызығушылықтарына сай спорт секцияларына, көркемөнерпаздар үйірмесіне, үрмелі оркестр, бейнелеу өнері студиясына қатысады. Кешкі уақытта өзіндік дайындық, кешкі ас және ұйқыға дайындық кезеңдері жалғасады.

Лицейге қабылдау талаптары нақты әділ. 4-сыныпты аяқтаған, денсаулығы талапқа сай, білімі мен физикалық дайындығы жеткілікті, психологиялық сынақтан өткен ер балалар ғана қабылданады. Бұл — болашақ әскери қызметкерлерді іріктеудің ең негізгі кезеңі, - дейді мектеп директоры Бауыржан Дюсебаев.

Оқу орнының материалдық-техникалық базасы да жоғары деңгейде. Лицей аумағында бес ғимарат орналасқан. Атап айтқанда екі жатақхана, оқу корпусы, асхана және шаруашылық бөлімі бар. Ұландардың жатақханада тұрып, білім алуына және қосымша дайындықпен айналысуына барлық жағдай жасалған. Өткен жылы жатақханаларға жөндеу жұмыстары жүргізіліп, заманауи талаптарға сай жабықтықталыпты. Қазіргі таңда оқушылар жарық әрі таза, әскери тәртіпке бейімделген бөлмелерде тұрады. Оқу ғимаратында мемлекеттік стандартқа сәйкес білім беріледі. Алғашқы әскери дайындық кабинеті де толық жабықтықталған. Кәсіби деңгейдегі тір ұландардың әскери-қолданбалы дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Лицей кітапханасының қорында 25 397 кітап бар, бұл оқушылардың ғылыми ізденісіне, білімін тереңдетуге кең жол ашатыны белгілі. Робототехника кабинеттері, компьютерлік сыныптар және екі спорт залы да оқушылар игілігіне

қызмет етеді.

Соңғы жылдары лицейде бірқатар жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Жатақханаларға жөндеу жасалып, ұландардың қауіпсіз әрі жайлы өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалды. Қазіргі таңда оқушылар жарық, таза, әскери өмір салтына бейімделген бөлмелерде тұрады. Бөлмелер қажетті жиһаздармен жабдықталып, санитарлық талаптарға сай ұйымдастырылған. Сонымен қатар демалыс аймақтары мен оқу бұрыштары қарастырылған. Тәрбиешілер мен кезекші қызметкерлер тәулік бойы бақылау жүргізіп, тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, - дейді Бауыржан Ермекұлы.

Бауыржан Ермекұлының айтуынша, лицей түлектерінің жартысынан астамы әскери жоғары оқу орындарын тандап, бүгінде Қарулы Күштер қатарында қызмет етіп жүр.

Білім сапасы туралы айтатын болсақ, тәрбиеленушілер түрлі сайыстарда жетістіктерге жетіп жүр. Облыстық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобаларда жүлделі орындар иеленген. Спорттық жарыстарда да жүлде алып жүрген оқушылар аз емес. «Айбын» әскери-патриоттық сайысында чемпион атанса, «Жас сарбаз» халықаралық ойынында жүлделі орындарға ие болған.

Мұнда ата-аналармен байланыс та ерекше назарда. Еліміздің әр өңірінен келген оқушылардың ата-аналарымен тұрақты қарым-қатынас орнату мақсатында оқу жылында бірнеше мәрте арнайы іс-шаралар ұйымдастырылады. Сонымен қатар еліміздегі әскери бағыттағы төрт мектеппен және әскери жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс орнатылған. Сондай-ақ Семей қаласындағы әскери бөлімдермен де әріптестік қарым-қатынас жолға қойылған.

«Жас Ұлан» мектебінің алдағы жоспарлары ауқымды әрі заманауи талаптарға негізделген. Лицейде цифрландыру үдерісін дамыту, STEM және робототехника бағыттарын жаңарту, дрон басқару мен киберқауіпсіздік элементтерін енгізу көзделуде. Сонымен қатар материалдық базаны жетілдіру, дарынды оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу, патриоттық тәрбие беруді дамытуға бағытталған жобаларды жандандыру жоспарланған. Жастарды әскери қызметке тарту мақсатында әскери бөлімдермен бірлескен іс-шаралар, далалық жиындар, ардагерлермен кездесулер, әскери-спорттық жарыстар тұрақты ұйымдастырылмақ. Сонымен бірге әскери мамандықтарға қойылатын заманауи талаптармен таныстыру, мотивациялық бағдарламалар мен жеңілдіктер туралы ақпарат беру жұмыстары жүргізіледі.

Мектеп басшысының пікірінше, қазіргі таңда жастардың әскери мамандыққа қызығушылығы артып келеді. Бұл елге қызмет ету мен Отанды қорғау секілді құндылықтардың маңыздылығының арта түскенін көрсетеді. Дегенмен бұл жол үлкен жауапкершілік пен тәртіпті талап етеді.

- Нағыз офицер – отансүйгіш, тәртіпті, батыл, әділ әрі кәсіби білікті тұлға. Ол кез келген жағдайда дұрыс шешім қабылдап, өзгеге үлгі бола алуы тиіс, - дейді мектеп басшысы.

Білім ордасында жас ұландардың денсаулығын сақтауға да, дұрыс тамақтануына да барлық жағдай жасалған. Арнайы тәртіп бойынша уақытымен тамақтанып, төсек-орындарын жинау - жасұландықтар үшін тәртіп пен тазалықтың басты үлгісі.

«Жас Ұлан» мектебі тек әскери білім беретін мекеме емес, елін қорғауға дайын, жауапкершілігі жоғары, заманауи ойлайтын азаматтарды тәрбиелейтін үлкен бір орталық деуге болады. Мұнда тәрбиеленген әрбір ұлан болашақта ел тірегіне айналады деген сенімдеміз.





ГАЗҒА БАЙ ЕЛДЕ ГАЗҒА НЕГЕ ЗӘРҰМІЗ?

ЖУРНАЛИСТІК САРАПТАМА

«Қыстың қамын жаз ойла» деген сөз бар, бірақ біздің жақта жазды күтпейді, қыстың қамына қыс біте салысымен кіріседі. Біздің жақта қыс алты айға созылады. Мұны Алтайдың мінезін жазған Оралхан Бөкей ғана емес, осы өңірде өмір сүрген әр адам жақсы біледі. Қақаған аяз бен бораны басып-майтын ұзақ маусымда ең басты мәселе – үйдің жылуы. Малға жем-шөп дайындап, отын қамдап әбігерге түсетін жұрт үшін қыс – тек табиғат мезгілі емес, тіршілікпен тайталас. Біздің өңірдегі негізгі жылу көзі – көмір. Қаражыра, Екібастұз, Қарағанды бас-сейінен шығатын көмірдің бастапқы бағасы 10–15 мың теңге шамасында. Бірақ ол халыққа сол күйінде жетпейді. Көмір кеніштен шыққан соң бірнеше делдалдың қолынан өтеді. Әр кезеңде үстеме қосылып, тасымал шығындары енгізіледі. Соның нәтижесінде көмір бағасы 20–30 мың теңгеге дейін өседі. Бір отбасы қыс бойы орта есеппен 3–5 тонна көмір жағады. Бұл ай сайын 40–70 мың теңге деген сөз. Бірақ көмірдің мәселесі тек бағада емес. Оны тасу, түсіру, жағу, күлін шығару – бәрі қол еңбегін талап етеді. Қыс бойы пештің басында отыру ХХІ ғасырда өмір сүріп отырған қоғам үшін қалыпты жағдайға айналып барады.

Осындай жағдайда көгілдір отынға қол жеткізу – жай ғана жайлылық емес, өмір сапасын өзгертетін қажеттілік. Сондықтан газбен жылытуға көшкен өңірлерге елдің қызыға қарауы да заңды.

Көмірмен жылыту мәселесі тек тұрмыстық қолайсыздықпен немесе қаржылық шығынмен шектелмейді. Бұл бүгінгі күннің айқын экологиялық проблемасына айналып отыр. Қыс түскен сайын Семей қаласы мен елді мекендер үстін қою түтін басып, ауа сапасы күрт төмендейді. Әр мұржадан шыққан түтін – тек бір үйдің жылуы емес, тұтас өңірдің экологиялық жүктемесін арттыратын фактор. Атмосфераға бөлінетін күйе, күкірт қосылыстары мен ұсақ қатты бөлшектер адам денсаулығына тікелей қауіп төндіреді. Әсіресе балалар мен қарттар үшін бұл тыныс алу ауруларының, аллергия мен созылмалы сырқаттардың көбеюіне әкеледі. Күйе мен зиянды бөлшектер көзге көрінбегенімен, оның салдары нақты сезіледі. Яғни көмір – тек жылу көзі емес, ол көрінбейтін қауіп. Әр пеш – бір үйдің жылуы ғана емес, сонымен бірге ауаға тарайтын зиянды қалдық көзі. Бұл жағдай бір үйдің емес, тұтас қаланың мәселесіне айналып отыр. Ендеше, Семейді түтін астындағы қала деп атасақ, артық айтқандық болмас.

Электрмен жылыту – сырттай қарағанда заманауи әрі ыңғайлы шешім. Бірақ іс жүзінде бұл – ең қымбат ігіліктердің бірі. Қыс айларында электр энергиясын тұтыну күрт өсіп, ай сайынғы төлем 80–120 мың теңгеге дейін жетеді. Бұл қарапайым отбасы үшін тым ауыр жүктеме. Яғни технология бар, бірақ қолжетімділік жоқ.

Газбен жылыту – өңірдегі жүйелі шешімді қажет ететін мәселе. Семейде газбен жылытылатын үйлер бар, бірақ орталықтандырылған емес. Тұрғындар, негізінен, сұйытылған газға тәуелді. Нарықта «Ертістрансгаз», «Аманат Газ», «Сапа Газ Строй», «Familie Engineering» сияқты компаниялар автономды жүйелер мен баллон арқылы жеткізу қызметін ұсынады. Бұл қызметтер бір қарағанда белгілі бір деңгейде мәселені шешкендей көрінеді. Бірақ қызметтің көпшілікке қолжетімсіздігі және газдың тапшылығы тұрғындар үшін айтарлықтай қолайсыздық туғызып отыр.

Газдың негізгі бөлігі Ресей Федерациясының Орынбор өңірінен немесе Қазақстанның батыс облыстарынан жеткізіледі. Бұл тасымал магистральдық құбырлар арқылы, «Одақ» немесе «Орынбор – Батыс шекара» бағыттары арқылы жүзеге асады. Қазақстандағы бұл жүйені ұлттық оператор QazaqGas басқарады. Бірақ осы магистральдар Абай облысын толық қамтып отырған жоқ. Соның салдарынан өңір тұрғындары арзан табиғи газға емес, қымбат сұйытылған газға тәуелді болып отыр.

Табиғи газ – құбыр арқылы келетін метан. Ол ең тиімді әрі арзан отын болып саналады. Ал сұйытылған газ – пропан-бутан қоспасы, ол баллонда немесе газгольдерде сақталады. Оның бағасы логистика мен сақтау шығындарына байланысты әлдеқайда жоғары. Нәтижесінде автономды газ жүйесін орнату үшін тұрғындар 1–2 миллион теңге жұмсап, кейін ай сайын 60–90 мың теңге көлемінде шығынға батады. Кей жағдайда бұл электрмен жылыту бағасынан да асып түседі.

Бұл мәселе бірнеше мәрте Парламент деңгейінде көтерілді. Депутаттар мәселені айтып, ұсыныстар жасады. Бірақ нақты нәтиже жоқ. Жоспарлар бар, бірақ жүзеге асуы баяу. Уәделер бар, бірақ нақты өзгеріс сезілмейді. Ал уақыт өткен сайын көмір қымбаттап, электр тарифтері өсіп, газ бұрынғыдан да қолжетімсіз бола түседі. Осы тұста қоғамда ең ауыр сұрақ туындайды: егер өңірде мұнай мен газ қоры бар болса, неге халық әлі күнге дейін көмір жағып отыр?

Зайсан ауданындағы Сарыбұлақ кен орнын игеріп жатқан «Тарбағатай Мұнай» компаниясы осы сұрақты ортасында тұр. Мәжіліс деңгейінде бұл жобаға қатысты нақты деректер айтылды: анықталған мұнай қоры шамамен 100 миллион тонна, Қытайдың

Қазақстанның шығысы қатал әрі ұзаққа созылатын қысымен ерекшеленетіндіктен, табиғаттың бұл мезгілі жергілікті тұрғындар үшін жыл сайын үлкен сынаққа айналады. Малдың қыстан аман шығуы үшін жем-шөп қамдау, үйді жылы ұстау үшін отын әзірлеу, қыстық киім-кешекті түгендеу - от жағу маусымы аяқтала сала басталатын маңызды тірлік. Осындай қиындықтар кезінде тұрғындардың тұрмысын жеңілдететін ең өзекті мәселелердің бірі – тиімді әрі қолжетімді жылыту жүйесі. Осы ретте газбен жылытуға көшкен Зайсан өңірі көпшіліктің қызығушылығын тудыруда. Көгілдір отынның игілігін көріп отырған аймаққа қарап көршілес өңірлер «бұл мүмкіндік бізге де жете ме?» деп армандайды...

Бек БОЛАТ,
«Semel tañu»



Қарамай зауытына дейін құбыр тарту жоспары бар, ал инвестиция көлемі 200 миллион доллар шамасында. Компания 2006 жылы құрылған, 2007 жылы лицензия алған, 2023 жылдан бастап өндіру кезеңіне өтуі тиіс болған. Соңғы мәліметтер бойынша, кәсіпорында 248 адам жұмыс істейді, 4 мың тонна мұнай сақтайтын инфрақұрылым салынған.

Ресми деректерге сүйенсек, жоғарыда айтып өткеніміздей, жобаға 200 миллион доллар инвестиция тартылған. Бірақ бұл қаржының нақты қай кезеңдерге, қандай мерзім ішінде және қандай нәтижемен игерілгені ашық көрсетілмейді. Ең басты сұрақ - уақыт. «Тарбағатай Мұнай» компаниясы лицензияны 2007 жылы алған. Содан бері 20 жылға жуық уақыт өтті. Ал толыққанды өндіріс әлі де жүйелі жолға қойылды деу қиын.

Сонда 200 миллион доллар қайда жұмсалды? Нәтижесінде осында уақыт ішінде ел экономикасына айқын серпін беретін нәтиже көрінбейді? Бұл – тек экономикалық емес, қоғамдық сұрақ. Өйткені жер қойнауы – халықтың байлығы. Ал оның игерілуі нақты нәтиже мен ашықтықты талап етеді.

Сарыбұлақ кен орнының өзінде 24,5 миллион тонна мұнай қоры бар. Орташа сату бағасы барреліне 75 доллар деп есептелген. Сонымен қатар компания өндірген мұнай мен газдың 99 пайызын өзімен байланысы бар қытайлық компанияларға сататыны туралы деректер ашық есептерде көрсетілген.

Мемлекеттік кірістер комитеті «Тарбағатай Мұнай» компаниясына газды әлемдік бағадан төмен бағамен қытайлық компанияға сатқаны үшін қосымша салық есептегенін мәлімдегені білеміз. Яғни компания мен сатып алушы арасында өзара байланыс бар деген күдік ресми деңгейде айтылды.

Зайсан өңіріндегі «Тарбағатай Мұнай» компаниясының қызметіне қатысты қоғамда туындаған сұрақтар көп... «Тарбағатай Мұнай» компаниясының қызметі – Қазақстан заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалану жобаларының бірі. Яғни, компания табиғи ресурстарды «пайдаланып жатыр» дегеннен гөрі, мемлекеттен берілген лицензия негізінде табиғи ресурстарды игеріп, белгілі бір экономикалық міндеттемелерді орындайды деген дұрыс болар. Мұндай жобалардың негізгі мақса-

ты – аймақ экономикасын дамыту, жұмыс орындарын ашу және бюджетке түсетін түсімдерді арттыру. Сонымен қатар, заң бойынша, жер қойнауын пайдаланушы компаниялар экологиялық талаптарды сақтауға, жергілікті инфрақұрылымға үлес қосуға және әлеуметтік жобаларды қолдауға міндетті.

Дегенмен қоғам тарапынан қойылатын басты сұрақтар да орынды: бұл қызметтің нақты пайдасы жергілікті тұрғындарға қаншалықты жетіп отыр, экологиялық қауіпсіздік толық сақтала ма және халықтың өмір сапасына әсері қандай? Осы мәселелер бойынша ашықтықты қамтамасыз ету және тұрақты қоғамдық бақылау аса маңызды. Сондықтан мәселені бір жақты - «пайдалану» деп емес, мемлекет, бизнес және қоғам арасындағы жауапкершілік теңгерімі тұрғысынан қарастырып жөн. Компанияның түпкілікті бенефициары – Қытай азаматы Сан Гуансин, ал құрылтайшылары - Нидерландыда тіркелген Carol B.V. және Rikamp B.V. Мұндай құрылым қоғамда «жер асты байлығы шетелдіктердің бақылауында» деген пікірдің күшеюіне себеп болды. Осы орайда Мәжіліс депутаты Ермұрат Бөлі би компанияның салықтық қысымнан қорғау мәселесін көтеріп, оның инвестициялық маңызын атап өтті.

Бұл жерде мәселе бір компанияда емес. Мәселе - жүйеде. Егер өңірде мұнай мен газ өндіріліп жатса, бірақ сол өңірдің тұрғындары көмір жағып отырса, бұл логикалық қайшылық емес пе? Ресурс бар, бірақ халық оның игілігін көрмей отыр. Бұл әлеуметтік саясаттың әлсіздігі ме? Өйткені, өңірде табиғи газ қоры бола тұра, тұрғындардың әлі күнге дейін көмір жағып отырғанын көрген халық тарапынан бұл орайда сұрақ көп. Осы тұрғыдан алғанда, «Тарбағатай Мұнай» компаниясының тек Зайсан өңірін газдандыруға басымдық беруі нені білдіреді? Бұл келісімшарт талаптары орындаудың көрінісі ме, әлде табиғи ресурсты игеруші компания үшін экономикалық тұрғыдан тиімді жолы ғана ма?

Бұл сұраққа бір жақты жауап беру оңай емес. Себебі мұнда мемлекет саясаты, инфрақұрылымның дайындығы, инвестициялық міндеттемелер және әлеуметтік жауапкершілік қатар тоғысады. Дегенмен басты мәселе өзгермейді: жергілікті тұрғындарды қолжетімді әрі тұрақты жылу көзімен қамтамасыз ету кез келген жобаның

тіркелуде.

Яғни мәселе тек экономикалық емес. Бұл – қауіпсіздік мәселесі. Жылу іздеп жүріп, өміріне қауіп төндіру қауіпті қоғам үшін қалыпты жағдай болмауы тиіс. Аймағымызда бұл орайда бүгінгі таңда жүйелі шешім жоқ. Әр тұрғын жылу мәселесін өз бетінше шешуге мәжбүр. Бірі көмірге тәуелді, бірі электрге шығындалады, бірі қымбат газға көшеді. Бұл – әлеуметтік теңсіздіктің нақты көрінісі. Себебі табысы жоғары адам балама таба алады, ал қарапайым халық амалсыз ең ауыр жолды таңдайды.

Сондықтан бұл мәселені тек «газ тарту керек» деген сөзбен шешу мүмкін емес. Өңірге нақты, кезең-кезеңімен жүзеге асатын модель қажет.

Семей өңірін газдандыру мәселесінде балама жолдар бар екені айтылғанымен, нақты шешім әлі күнге дейін табылған жоқ. Соның бірі – табиғи газды Ресейден тарту. Теориялық тұрғыдан Семейге ең жақын газ көзі - осы Батыс Сібір (Ресей). Географиялық тұрғыдан да бұл қолайлы. Өйткені Батыс Сібірдің ірі газ қорлары алыс емес. Қашықтық салыстырмалы түрде жақын, газ қоры өте үлкен (тұрақты жеткізу мүмкін). Алайда мұндай жоба жаңа магистральды құбыр салуды талап етеді, бұл – миллиардтаған қаржы мен ұзақ жылдарға созылатын келіссөздер деген сөз. Ең маңыздысы – бұл бағыт Қазақстанды сыртқы жеткізушіге тәуелді етіп, Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін кәйіп келуі мүмкін.

Тағы бір нұсқа – Қытайға бағытталған халықаралық газ құбырларының әлеуетін пайдалану. Бірақ олар экспортқа арналған. Ішкі нарыққа бұру үшін қайта құру қажет. Демек, бұл да оңай шешім емес, тек қағаз жүзіндегі мүмкіндік күйінде қалып отыр. Қытайға бағытталған халықаралық газ құбырлары - Қазақстан аумағы арқылы өтетін ірі энергетикалық дәліз. Бұл Орталық Азия газын Қытай нарығына жеткізуге арналған. Яғни, құбырлар бар, газ бар – бірақ ол, негізінен, экспортқа бағытталған. Географиялық тұрғыдан бұл жүйе елдің оңтүстік бөлігін қамтыса, Семей өңірі одан тыс қалып отыр. Теориялық тұрғыдан бұл құбырлардан газ алу мүмкіндігі болғанымен, ол үшін қосымша инфрақұрылым тарту, жаңа тармақтар салу және техникалық қайта бейімдеу қажет.

Осы тұста «Сарыарқа газ құбыры» жобасына да назар аудармай өту мүмкін емес. Бұл – елдің батысындағы газ ресурстарын орталық өңірлерге жеткізуге арналған стратегиялық бастама. Алайда оның игілігін әзірге, негізінен, Астана мен Қарағанды өңірлері көріп отыр. Ал шығыс аймақтар, соның ішінде Семей, бұл жүйеден тыс қалып отыр. Демек, мәселе тек газдың бар-жоғында емес, оны өңірлерге жеткізудегі басымдық пен жоспарлауда жатыр деген сөз.

Осы орайда тағы сол сұрақ алдымыздан шығады: еліміздің батысы, шығысы, оңтүстігі арқылы өтетін газ құбырлары бола тұра, неге біздің өңірлер әлі күнге дейін көгілдір отынға толық қол жеткізе алмай отыр? Бұл жерде мәселе тек географияда емес, жүйелі жоспарлауда жатқан жоқ па?

Біздің ойымызша, ең дұрыс әрі қауіпсіз бағыт – ішкі газ инфрақұрылымын дамыту. Бірақ дәл осы бағытта нақты қаржы бар ма? Газ инфрақұрылымына қатысты жобалар туралы айтылғанымен, мерзімдері кейінге шегеріле береді, нәтиже көрінбейді. Сонда неге Семей өңірі әлі күнге дейін газсыз отыр? Балама бар, мүмкіндік бар, ресурстар бар – сонда нақты саяси ерік пен жүйелі іске асыру жетіспей ме?

Бұл жердегі мәселе тек құбыр тартуда емес. Мәселе - басымдықта. Егер газдандыру шынымен стратегиялық міндет болса, онда ол жылдар бойы талқыланатын емес, нақты мерзіммен орындатылатын жобаға айналуы тиіс.

Магистральдық газ құбырын тарту – стратегиялық міндет. Бірақ оны күтуден уақыт жоғалтуға болмайды. Аралық шешімдер қажет: ортақ газгольдер жүйелері, көмір нарығын бақылау, электр тарифтеріне жеңілдіктер жасау сияқты мемлекеттік деңгейде шешілуге тиіс мәселелер бар.

Бүгінде еліміздегі газ қорына байланысты әр түрлі деректер айтылады. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Геология комитетінің өкілдері Қазақстандағы пайдалы қазбалар қоры туралы: «Шамамен айтсақ, мемлекеттік есепте 4 миллиард тоннадан аса мұнай бар. Қазіргі өндіру көлемін қатасақ, бұл қор шамамен 50 жылға жетеді» - дейді.

Бұл – үлкен мүмкіндік деген сөз. Бұл – бай елдің сипаттамасы.

Бірақ дәл осы байлықтың үстінде отырған өңірдің тұрғындары әлі күнге дейін көмір жағып отыр. Бір жағында – миллиардтаған тонна мұнай ресурсы. Екінші жағында – бір қысты аман өткізу үшін күресіп отырған халық. Егер байлық бар болса – неге жылу жоқ?

Жылу – статистика емес.

Жылу – өмір сапасы.

Жылу – қауіпсіздік.

Ал егер өз жерінің байлығы халықның өмірін жеңілдетпесе, онда бұл байлықтың кімге қызмет етіп жатқаны қоғам үшін ең ауыр сұрақ болып қала береді.

АБАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚЫСҚЫ СТАТИСТИКА

2024–2025 жылғы жылыту маусымында:

* 304 өрт – өткен жылмен салыстырғанда +44 пайыз

* 9 адам қаза тапты (оның ішінде 2-уі - бала)

* 12 адам зардап шекті

* 11 адам улы газдан көз жұмды

* улану жағдайлары - 2,7 есе өсті

* 4 адам аман қалды – газ датчиктерінің арқасында

негізгі өлшемі болуы тиіс деп ойлаймыз. Жер қойнауындағы байлықтың әділ әрі тиімді игерілуі – ел экономикасы мен халықтың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер ететін маңызды мәселе. Табиғи ресурстардың бағасы, оны сату шарттары мен одан түсетін табыстың аймаққа қайтарымы қоғам үшін әрдайым өзекті. Егер бұл үдерістерде ашықтық пен теңгерім болмаса, оның салдары өңірдің де, тұтас елдің де дамуына кері ықпал етуі мүмкін. Сондықтан бұл мәселе бүгінгі таңда халықтың көкейінде тұрған үлкен сауалға айналып отыр.

Әлеуметтік жағынан бұл мәселе әсіресе өңір тұрғындары үшін аса өзекті. Абай облысында Зайсанмен іргелес жатқан Ақсуат, Көкпекті, Жарма аудандарының халқы да көгілдір отынға қол жеткізуді армандайды. Қатал қыс жағдайында көмірге тәуелділік тұрғындарға қосымша салмақ түсіріп отыр. Сондықтан газдандыру мәселесі бұл өңірлер үшін жай ғана инфрақұрылым емес, халықтың өмір сапасын арттыратын маңызды әлеуметтік қажеттілік болып қала береді.

Семей қаласының оң жағалауындағы жағдайға тоқталар болсақ, бұл аумақтағы тұрғын үйлерді орталықтандырылған жылу жүйесіне қосуға қолданыстағы қазандықтардың қуаты жетіспейді. Яғни мәселе жалпы инфрақұрылымның әлсіздігінде. Жыл сайын «жаңа ЖЭО салынады» деген сөз айтылған сайын халық елең етеді. Таяуда 2028 жылы пайдалануға берілетін жаңа жылу орталығы құрылысының басталғаны да көңілге демеу. Дегенмен газбен жылыту қазір аса маңызды, жаңа жылу орталығы салынған соң да артықтық етпейді.

Қыс ешкімді аямайды. Осындай жағдайда газдандыру тек балама емес, нақты әлеуметтік шешім ретінде қарастырылуы маңызды. Егер тұрғындарға газбен жылыту қолжетімді болса, бұл тек тұрмыстық жайлылық емес, тұтас бір әлеуметтік түйінді шешер еді. Себебі қазіргі жағдайда халық ауырталығы көп көмірге, тарифі қымбат электр энергиясына немесе тиімсіз тасымал газға тәуелді.

Мәселенің тағы бір өте қауіпті жағы бар. Қыс мезгілінде түтінге улану және өрт оқиғалары жыл сайын қайталанып келеді. Бұл енді жай болжам емес, ресми деректермен дәлелденген шындық. Көп жағдайда себеп біреу: пешті дұрыс пайдаланбау, мұржаның бітелуі, қауіпсіздік талаптарының сақталмауы. Абай облысында ғана емес, жалпы көмірді пайдаланатын өңірлерде қыс мезгіліндегі жылу мәселесі қауіпсіздікпен тікелей байланысты. Ресми деректерге сәйкес, аймағымызда жыл сайын жүздеген өрт оқиғасы тіркеледі, оның басым бөлігі көмір жағатын жеке үйлерде орын алады. Соның салдарынан адам шығыны да



Мінәш Әрхамқызы 1926 жылы қасиетті Абай топырағында, Бақанас-Байқошқар өзенінің бойында дүниеге келген. Оның өмір жолын түсіну үшін ең алдымен шыққан тегіне назар аудару қажет. Мінәш Әрхамқызы - Құнанбай әулетінің ұрпағы. Атасы Ысқақ Құнанбайдың баласы, Абайдың туған інісі болса, әкесі Әрхам - Абай мұрасын сақтап, жүйелеген Кәкітай Ысқақұлының баласы. Яғни, Мінәш апайдың ғұмыры - жеке адамның тағдыры емес, тұтас бір әулеттің, бір дәуірдің шежіресі.

Әрхам Кәкітайұлы көзі ашық, сауатты, елге сыйлы адам болды. Бала кезінен Абайдың тәрбиесін көріп, ұлы ақынның өсиетін тыңдап, өлеңдерін жаттап, адами қасиеттерін бойына сіңіріп өсті. Осындай ортада тәрбие алған Мінәш сөз қадірін біліп, ата-баба мұрасының қасиетін түсініп өсті.

Мінәш Әрхамқызының балалық шағы елдегі саяси-әлеуметтік өзгерістерге толы кезеңмен тұспа-тұс келді. 1928 жылғы қуғын-сүргін жылдары Құнанбай әулеті жаппай қудалауға ұшырады. Әрхам Кәкітайұлы отбасымен Ташкент қаласына қоныс аударады. Мінәш алай бастауыш білімді өзбек тілінде алады.

Осы кезең Мінәш апайдың өміріндегі алғашқы үлкен сынақ еді. Бала кезінен жат жерде, өзге тілдік ортада өмір сүру оның мінезін шыңдап, төзімділік пен бейімделгіштік қасиеттерін қалыптастырды. Бастауыш білімді өзбек тілінде алуы оның дүниетанымының кеңеюіне ықпал етті.

1935 жылы әкесімен бірге Алматы қаласына оралып, №12 қазақ мектебінде оқуын жалғастырады. Алайда 1937 жылғы саяси дүрбелең кезеңінде Павлодар облысына, әкесі Бибінің қолына жіберіледі. Сол өңірде орта мектепті бітіреді.

Мінәш Әрхамқызы оқуға зерек, ізденімпаз, елгезек, талапты болып өсті. 1941 жылы фашистік Германия Кеңес Одағына шабуыл жасағанда, Мінәш небәрі 7-ші класта ғана оқитын. Аяқ астынан басталған сұрапыл соғыс оның таудай талабына кесірін тигізбей қалған жоқ. Білімге құштар, зерек қыз оқуын жалғастыруға мүмкіндігі болма-

1942 жылдан 1987 жылға дейін, 45 жыл ұстаздық қызмет атқарып, білім саласының дамуына елеулі үлес қосқан Мінәш Ысқақова КСРО, Қазақ ССР оқу министрліктерінің, облыстық, аудандық кеңестердің Құрмет грамоталарымен, бірнеше медальдармен марапатталған. 1953 жылы Алматыда өткен мұғалімдер съезіне делегат болып қатысып, «Қазақ ССР-і оқу-ағарту ісінің озық қызметкері» құрметті атағына ие болды.

Қазақ әдебиеті шығармаларын жас ұрпақтың санасына сіңіруге саналы өмірін сарп еткен Мінәш Ысқақова өз тәжірибесіне сүйене отырып, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тиімді әдістерін қалыптастырды. Ол қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесін терең зерттеп, мұғалімдерге арналған мақалалар жазып, семинарлар мен конференцияларда тәжірибесімен бөлісті. Мінәш Әрхамқызының мақалалары «Қазақстан мектебі», «Бастауыш мектеп» журналдарында жарияланып, ұстаздар қауымы үшін құнды тәжірибе көзіне айналды.

Семей, Алматы, Қызылорда, Шымкент қалаларында өткен ғылыми-тәжірибелік конференцияларда білім беру, әдебиет және ұлттық мәдениет мәселелеріне қатысты баяндамалар жасады.

Ұстаздың педагогикалық ұстанымының негізінде білім мен тәрбиені біртұтас үдеріс ретінде қарастыру идеясы жатты. Ол үшін сабақ тек білім беру алаңы ғана емес, шәкірттің тұлғалық қалыптасуына ықпал ететін рухани орта болды. Мінәш Әрхамқызы әр сабағында, оқушылардың тілдік дағдыларын дамытумен қатар, олардың дүниетанымын кеңейтуге, ұлттық құндылықтарды меңгертуге ерекше мән берді.

Қазақ әдебиеті сабақтарында көркем шығармалардың тәрбиелік мәнін ашуға бас назар аударып, кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы оқушыларды адалдыққа, әділдікке, отансүйгіштікке баулады. Мінәш Әрхамқызы шәкірттерінің бойында жауапкершілік пен еңбекқорлық қасиеттерді қалыптастыруға көңіл бөліп, ойлай білетін, талдай алатын, өзіндік пікірі бар тұлға ретінде тәрбиеледі.

Ұстаз қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық болмысты сақтауға ықпал етті. Оның ұстанымы бойынша, нағыз білімді адам - тек сауатты емес, сонымен бірге тәрбие-

ҰЛЫЛАРДЫ ҰЛЫҚТАҒАН ҰСТАЗ

Қазақ халқының рухани болмысында әулет жалғастығы мен тарихи жад ерекше орын алады. Ұлттың өткенін ұмытпай, асыл мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізу тек ғалымдар мен жазушылардың ғана емес, сол мұраны жүрегінде сақтап, өмірімен дәлелдеген тұлғалардың еншісінде. Осындай ұлағатты жандардың бірі - Мінәш (Мінәуэра) Әрхамқызы Ысқақова.



са да, халықтың жалпы жағдайын сезініп, өзінше топшылайтын. Сөйтіп жүргенде ол Павлодар облысының Краснокутск аудандық оқу бөліміне (мектептерді мұғалімдермен толықтыру кезінде) қызметке шақырылды. Сөйтіп, 15 жасар Мінәш Әрхамқызы «Жаңа ұйым» бастауыш мектебіне меңгеруші болып жіберілді. Кейін өзі білім алған Спартак орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды әрі қазақ тілі пәнінен сабақ береді. Мінәш алай еңбек жолын осындай қиынқыстау кезеңде бастады. Ұстаздық оның өмірінің мәніне айналды.

Мінәш Әрхамқызы қызмет атқара жүріп, білімін үздіксіз жетілдіреді. Алдымен педагогикалық училищені, кейін, 1961-1966 жылдары, Семей педагогикалық институтын сырттай бітіреді. Оның білімге деген құштарлығы мен ізденімпаздығы кәсіби шеберлігінің артуына ықпал етті.

1942 жылдан 1987 жылға дейін, яғни 45 жыл бойы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. 19 жыл Қарауылдағы сегіз жылдық мектепте және Шыңғыстау орта мектебінде директор қызметін атқарды. Мінәш Әрхамқызы басшылық еткен жылдары екі мектептің де материалдық-техникалық базасы нығайып, жаңа үлгідегі асхана мен 90 орындық интернат үйі салынды. Мұғалімдердің кәсіби тұрғыда дамуына ерекше

мән берілді, бірнеше ұстаз «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағына ие болды.

Мінәш Ысқақова ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының мұрасын сақтау, зерттеу және кейінгі ұрпаққа жеткізу жолында қажырлы еңбек етті. Ол бұл істі жай зерттеуші немесе насихаттаушы ретінде емес, Құнанбай әулетінің тікелей ұрпағы, рухани мұрагері ретінде атқарды.

Мінәш Әрхамқызы Абай өміріне қатысты деректерді кітаптардан ғана алған жоқ, ол өз әулетінің шежіресі мен көнекөз қариялардың әңгімелерін естіп өсті. Әкесі Әрхам Кәкітайұлы Абайды кезімен көрген, оның тәрбиесін алған адам болғандықтан, отбасындағы әңгімелер Абай дәуірінің тірі шежіресіндей еді. Осы рухани орта Мінәш апайдың Абай тұлғасына деген ерекше құрметін қалыптастырды.

Мінәш Әрхамқызы Абай мұрасын насихаттауда бірнеше бағытта еңбек етті.

Біріншіден, тарихи-деректік естеліктер жазды. «Абай ұрпақтары», «Абай үлгі-өнегесі», «Абай үйінде шаруашылыққа араласқан», «Абай еркелетіп, күлкілі әңгімелерін тыңдаған» сияқты еңбектері арқылы Абайдың ақындық тұлғасын ғана емес, адамдық болмысын, отбасындағы орнын, мінез-құлқын жан-жақты ашып көрсетті. Бұл еңбектердің құндылығы олардың деректік мәлі-

меттер негізінде жазылуында.

Екіншіден, Абай әулетінің тарихын жүйелеуге үлес қосты. «Құнанбай ұрпақтары», «Кәкітай Құнанбаев», «Әкем Әрхам туралы» атты мақалаларында әулет шежіресін тарқатып, Құнанбай ұрпақтарының тарихи орнын айқындады. Осы арқылы ол Абай мұрасын жеке тұлға шеңберінде емес, тұтас әулеттік, әлеуметтік контексте қарастыруға мүмкіндік берді.

Үшіншіден, Абай музейімен тығыз байланыста болып, музей ісіне нақты үлес қосты. Музейдің ғылыми қорына Құнанбай, Абай, Кәкітай, Әрхамға қатысты құнды деректерді, көне фотосуреттер, қолжазбалар мен тұрмыстық бұйымдарды тапсырды. Өсіресе әкесінің «Зағипа» поэмасын музейге өткізуі әдеби мұраны сақтаудағы үлкен еңбегі болды.

Төртіншіден, радио, теледидар арқылы ата-бабасының мұрасын насихаттады. Түрлі мерейтойлық іс-шараларға қатысып, Абай туралы естеліктерін бөлісті. Абайдың 150 жылдық мерейтойы аясында Ташкент қаласында өткен халықаралық деңгейдегі жиындарда баяндама жасап, қазақ халқының рухани мұрасын шетелдік аудиторияға да таныстырды.

Мінәш Әрхамқызы жастайынан жарынан айырылып, үш баланы жалғыз тәрбиеледі. Бұл - оның қайсарлығының айқын көрінісі. Мінәш алай үш баласына да қатарынан кем қылмай өсірді. Үшеуі де жоғары білім алды. Үлкені Ермек қыздар педагогикалық институтын, Болат Қарағанды кооперативтік институтын, кенжесі Рымбек Семей зоотехникалық-мал дәрігерлік институтын бітірді. Ел экономикасы мен ғылымының дамуына үлес қосқан мамандар болды. Мінәш апайдың немерелері - инженер, дәрігер, банк қызметкері, мұғалім және басқа да маман-дәрігерлер, шеберлері де білімді, қоғамға пайдалы азаматтар.

Мінәш Әрхамқызы ұрпақ тәрбиесін ұлттық құндылықтармен ұштастырған тұлға ретінде танылды. Қартайған шағында да қоғамдық және рухани өмірден қол үзген жоқ, радио, теледидар арқылы сұхбат беріп, кейінгі ұрпаққа өнеге айтып отырды. Немере, шөбере сүйген әжеңіз өмірлік философиясы «Адамзаттың өлшеусіз байлығы - бала» деген қарапайым, бірақ терең мағыналы ұстаным болды.

Қорыта айтар болсақ, Мінәш Әрхамқызы Ысқақованың өмірі - тарихи тағдыр, рухани мұра және жеке тұлғалық беріктіктің үйлесімінен туған бірегей құбылыс. Ол - ұлы әулеттің аманатын арқалап, оны келешекке жеткізген шежіреші. Мінәш Әрхамқызының өмір жолынан тек бір адамның тағдырын емес, тұтас бір халықтың тарихын, рухани күресін және мәдени жалғастығын көреміз.

Б. УАХМЕТОВА,
Абайдың «Жидебай-Берлігі»
мемлекеттік
тарихи-мәдени және
әдеби-мемориалдық
музей-қорығының экспозиция және
көрме ұйымдастыру
бөлімінің меңгерушісі

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

Биыл асылдың сынығы - хакім Абайдың тетелес інісі Ысқақтың баласы Кәкітайдың ұлы - Әрхам атамның қызы, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұстаз Мінәш Ысқақова 100 жасқа толды.



лі, парасатты тұлға. Сондықтан «Білім мен тәрбие - ажырамас ұғым» қағидасын өз іс-тәжірибесінде берік ұстанды. Бұл оның ұстаздық қызметінің терең идеологиялық және мәдени мәннеге ие болғанын көрсетеді.

Мінәш Әрхамқызының педагогикалық тәжірибесі көрсеткендей, білім мен тәрбиені қатар алып жүру - сапалы білім берудің басты шарты. Оның ұстаздық жолы қазіргі білім беру жүйесі үшін де үлгі болып қала береді.

Ұстаздың қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесіне қатысты еңбектері мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыруға және оқыту әдістемесін жетілдіруге зор ықпал етті.

Мінәш Әрхамқызының ұстаздық қызметінің маңызды бағыттарының бірі - рухани мұраны сақтау. Ол әдебиетті халықтың тарихи жадын, мәдени болмысын танытатын құрал ретінде қарастырды. Ұстаз әсіресе Абай Құнанбайұлы шығармаларын оқыту мен насихаттауға ерекше мән берді.



Ұстаздың рухани әлемін түсінуде Мұхтар Әуезовпен байланысы да ерекше орын алады. Бұл байланыс тарихи және рухани сабақтастық тұрғысында көрініс тапқан. Әкесі Әрхам Кәкітайұлының Мұхтар Әуезовпен тығыз қарым-қатынаста болғаны белгілі. Әуезов Абай мұрасын зерттеу барысында Әрхам сияқты куәгерлердің деректеріне сүйенген. Тіпті Әрхамның көмегімен Бақанас өңірінде артель ұйымдастырылуы да олардың өзара сенімі мен байланысының айғағы.

Мінәш апай Мұхтар Әуезовтің рухани жақын тұлға ретінде қабылдады. «Ұлы адамның ұлылығы» атты естелігінде Мұхтар Әуезовтің адамдық

болмысын, ғалымдық келбетін, Абай мұрасын зерттеудегі еңбегіне жоғары баға берді.

Мінәш Әрхамқызының естеліктерінде Әуезовтің тек ұлы жазушы ғана емес, Абай мұрасын ғылыми тұрғыда жүйелеген, оны өлемдік деңгейге көтерген тұлға ретіндегі бейнесі айқын көрінеді. Оның айтуынша, Әуезов - Абай мұрасын халық жадынан алып, ғылыми айналымға енгізген дәнекер.

Сонымен қатар Мінәш апай Ташкент қаласында өткен Абай мерейтойы кезінде Мұхтар Әуезовтің сол қаладағы қызметі, оның САГУ-де дәріс беруі және қазақ зиялыларының тағдырындағы орны туралы құнды мә-

ліметтер келтірген.

Мінәш Әрхамқызы - Абай мұрасын насихаттауда ерекше орын алатын тұлға. Оның еңбегі тек өткенді еске алумен шектелмей, тарихи жадыты сақтау, ұрпақ санасына рухани құндылықтарды сіңіру жолындағы жүйелі қызметке бағытталған. Мұхтар Әуезовпен рухани байланысы оның қызметін жаңа деңгейге көтеріп, абайтану ғылымының халықтық негізін тереңдетуге ықпал етті. Осы тұрғыдан алғанда, Мінәш Әрхамқызы - Абай мұрасын жеткізуші ғана емес, оны ұрпақ жадында тірілтіп, рухани сабақтастықты сақтаған тұлға.

Ұстаз әсіресе Абай шығармаларын оқыту мен насихаттауға ерекше көңіл бөлді. Оның пікірінше, Абай мұрасы адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі, ұлттық дүниетанымының негізі, рухани жаңғырудың басты тірегі болып табылады. Сондықтан сабақ барысында шығармаларды терең талдап, оқушылардың өмірлік ұстанымымен байланыстыра білді. Бұл тәсіл шәкірттердің әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың рухани дамуына ықпал етті.

Ұстаз сонымен қатар тарихи деректерді жинақтаумен де айналысты. Ол Абай әулетіне қатысты мәліметтерді зерттеп, ел аузындағы әңгімелер мен шежірелерді жинап, ғылыми айналымға енгізуге атсалысты.

Абайдың 100, 125, 150 жылдық мерейтойлары қарсаңында «Абай ұрпақтары», «Абай үлгі-өнегесі», «Ертекіш Баймағамбет», «Қатпа, Шәукембай туралы», «Құнанбай ұрпақтары», «Кәкітай Құнанбаев», «Әкем Әрхам туралы», «Мұхтар Әуезов», «Ортақ тұлға», «Ұлының ұлылығы», «Ағайынға наз», «Ызғұтты» және басқа да өзінің ұлы бабаларына қатысты мақалалары республикалық, облыстық, аудандық басылымдарда жарық көрді.

Мінәш Әрхамқызының педагогикалық мұрасы екі негізгі бағытта көрінеді: әдістемелік жаңашылдық арқылы білім беру сапасын арттыру және рухани мұраны сақтау арқылы ұлттық сананы қалыптастыру. Бұл екі бағыттың үйлесімі оның ұстаздық қызметінің терең мазмұнын ашады және оны білім беру саласында өзіндік орны бар тұлғалардың қатарына қосады.

Мінәш Ысқақованың еңбектері бүгінгі күнде де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Оның өмірі мен қызметі - жас ұрпақ үшін үлкен өнеге.

А.ШАРИФOLЛИНА



ҚАҒАЗДАҒЫ ҚАРҚЫН - ӨМІРДЕГІ НӘТИЖЕ

ЖУРНАЛИСТІК САРАПТАМА

2026 жылдың алғашқы тоқсаны Қазақстан экономикасы үшін тұрақты өсім мен құрылымдық өзгерістер қатар жүрген кезең ретінде сипатталып отыр. Ел көлемінде өнеркәсіп, құрылыс және инвестиция салаларында оң динамика байқалғанымен, бұл өсімнің сапасы мен тұрақтылығы әр өңірде әр түрлі көрініс табады. Әсіресе статистикалық әсерлер мен нақты экономикалық белсенділіктің арақатынасы – бүгінгі сараптамаға өзек болатын тақырыптардың бірі.

Осы тұрғыдан алғанда, өңірлік деңгейдегі көрсеткіштерді тек сандар арқылы емес, олардың қалыптасу себептерін бірге қарастыру маңызды. Бұл тәсіл нақты экономикалық үрдістерді түсінуге және даму перспективаларын дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

**Риза АСАҢҚЫЗЫ,
«Semei taHy»**

Көкпекті ауданының 2026 жылдың бірінші тоқсаны бойынша нәтижелеріне жан-жақты талдау жасасақ, ресми деректер өсім бар екенін көрсетеді. Алайда оның құрылымы мен сапасына үңілу – уақыт талабы. Бірқатар негізгі салаларда өсім бар, инвестициялық белсенділік артқан, құрылыс қарқыны жандана түскен. Дегенмен ресми статистикадағы бұл оң өзгерістердің барлығы бірдей нақты экономикалық серпінді білдіре бермейді. Кейбір көрсеткіштер есеп жүргізу ерекшеліктеріне, өткен кезеңдердің деректеріне немесе төмен базалық деңгейге байланысты жоғары көрініс тапқан.

Сондықтан қазіргі жағдайды бағалауда тек сандарға сүйену жеткіліксіз. Маңыздысы – өсімнің сапасын, тұрақтылығын және аудан экономикасына ұзақ мерзімді әсерін саралау. Ең алдымен өнеркәсіпке назар аударайық. Мұнда өсім жоғары. Бірақ оның басым бөлігі нақты жаңа өндірістерден емес, есеп жүргізу ерекшеліктерінен қалыптасып отыр. Шағын кәсіпорындардың көшіп-berілетін есептері мен өткен жылдың көрсеткіштерінің қосылуы жалпы картинаны «әсірелеп» көрсетеді. Яғни, өндіріс бар, бірақ ол әлі тұрақты, кең ауқымды деңгейге шықты деуге өрте.

«Altyn Samruk Qazaqstan» АҚ 2025 жылдың IV тоқсанында негізгі бағалы және түсті металдар өндірісі бойынша 309,5 млн теңгенің өсімін ұсынды. Кәсіпорынның шағын болуына байланысты статистикалық есеп тоқсан сайын беріледі. Тау-кен өнеркәсібінің жалпы көлемі 161,2 млн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 5,8 есеге артқан. Бұл көрсеткіштер «Eastern Gold» ЖШС-нің 2025 жылдың IV тоқсанына берген өсіміне негізінде қалыптасқан. Аталған өндіріс көлемдері ағымдағы жылдың аяқ-сәуір айларының статистикасында көрініс табады. Бірақ бұл өсімнің бір бөлігі өткен жылдың есептік деректеріне байланысты қалыптасқан. Нақты өндірістік жұмыстардың негізгі кезеңі алдағы айларда басталмақ.

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 710,5 млн теңгені құрап, өткен жылдың сәуірінен бері есебінен салыстырғанда екі еседен астам артқан. Жоспар 180,6 пайызға орындалған. Өсімнің негізгі бөлігі өңдеу өнеркәсібіне тиесілі – 383,2 млн теңге. Бұл бағытта аудандың аграрлық ерекшелігі айқын: наубайханалар мен сүт өңдеу кәсіпкерлері негізгі үлесті қамтамасыз етіп отыр. Алайда нақты көлем индексінің 92,3 пайыз болуы өндірістің өсімнің толыққанды емес екенін аңғартады.

Ауыл шаруашылығы саласында жалпы өнім көлемі 3 785,5 млн теңгені құрап, өсім 122,4 пайыз болды. Дегенмен нақты көлем индексі 99 пайыз деңгейінде қалып отыр. Мұнда басты мәселе – негізгі тұтыну өнімдерінің өндірісі. Сүт көлемі 5 886,6 тоннадан 5 697,0 тоннаға дейін төмендеген. Сонымен қатар ет өндірісінде де осындай жағдай байқалады.

Ет пен сүт – күнделікті тұтынатын негізгі азық-түлік. Осы өнімдердің көлемі өспей тұрғаны аудан экономикасындағы жалпы жетістіктердің сапасына күмән тудырады.

Бұл жағдай – тек ауыл шаруашылығының емес, жалпы аудан экономикасының тұрақтылығына әсер ететін фактор. Себебі Көкпекті – аграрлық өңір, ал оның негізі дәл осы мал шаруашылығы.

Құрылыс саласы есептік кезеңде ең жоғары өсім көрсеткен бағыттардың қатарында. Атқарылған жұмыстар көлемі 2 808,0 млн теңгеге жетіп, жоспар 561,6 пайызға орындалған. Алайда тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі 602 шаршы метрмен шектелді. Тұрғын үй құрылысы бойынша жоспар орындалғанымен, бұл көрсеткішті үлкен жетістік ретінде бағалауға өрте. Себебі өткен жылы пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі айтарлықтай төмен болған. Соның нәтижесінде биылғы аз ғана өсімнің өзі пайыздық көрсеткіште жоғары болып көрінеді. Яғни, мұнда нақты құрылыс қарқынынан гөрі базалық көрсеткіштің төмендігі әсер етіп отыр. Бұл ауданда тұрғын үй құрылысы тұрақты өсіп келеді деуге келмейді.

Құрылыс қарқыны жоғары, бірақ оның халыққа тікелей әсері – тұрғын үй көлемі – айтарлықтай жетістіктің көрсеткіші емес.

Сауда саласында бөлшек тауар айналымы 1 314,9 млн теңгені құрады. Өсім болғанымен, жоспар толық орындалмаған. Бұған жанар-жағармай сатылымының төмендеуі және интернет-дүкендердің жабылуы әсер еткен. Ал көтерме саудада, керісінше, өсім бар.

Инвестиция көлемі 3 181,1 млн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда үш еседен асты. Бұл аудандың инвестициялық тартымдылығының жоғары екенін көрсетеді. Алайда ауыл шаруашылығы саласына тартылған инвестиция көлемі 179,0 млн теңгеге дейін төмендеген.

Шағын және орта бизнес саласында кері динамика байқалады. Тіркелген субъектілер саны 1 155-ке дейін азайған: жыл басынан 35 кәсіпкер ашылса, 109-ы жабылған.

Шағын бизнестің әлсіреуі жергілікті экономиканың «тірі қан айналымының» баяулап бара жатқанын білдіреді.

Бұл үрдіс сұраныстың төмендеуімен, шығындардың өсуімен және ауыл шаруашылығындағы қиындықтармен байланысты болуы мүмкін. Кәсіпкерліктің азаюы алдағы кезеңде жұмыс орындарына әсер етуі ықтимал. Құрылыс пен инфрақұрылым жобалары уақытша жұмыспен қамтуды қамтамасыз еткенімен, тұрақты табыс көзі көбіне шағын бизнеске тәуелді.

Әлеуметтік бағыт та өзектілігін сақтап отыр. Экономикалық өсім халықтың әл-ауқатына тікелей әсер етуі тиіс. Әсіресе ауылдық жерде табыс көзі ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлікке байланысты екенін ескерсек, бұл салалардағы өзгерістер әлеуметтік жағдайға ықпал етеді. Сондықтан әлеуметтік қолдау шараларын күшейту мәселесі күн тәртібінен түспеуі керек. Есепті мерзімдегі аудандың меншікті кірістері 328,1 млн теңгені құрап, жоспар 123,8 пайызға орындалды. Бұл бұл-



жет түсімдерінің тұрақтылығын көрсетеді.

Жоғарыдағы деректерге сүйенсек, Көкпекті ауданының дамуы екі түрлі көрініс береді. Бір жағынан, өнеркәсіп, құрылыс және инвестиция салаларында жоғары өсім бар. Екінші жағынан, ауыл шаруашылығының сапалық көрсеткіштері, шағын бизнестің әлсіреуі және негізгі тұтыну өнімдерінің өндірісі өсім байқатпай отыр.

Өнеркәсіп пен тұрғын үй құрылысының бірқатар көрсеткіштері статистикалық факторлардың әсерінен жоғары болып тұр, ал шағын және орта кәсіпкерліктің төмендеуі экономиканың ішкі тұрақтылығына қатысты сұрақтар туындатады. Бұл орайда өсімді нақты экономикалық нәтижеге айналдыру қажет. Ол үшін жаңа өндірістерді іске қосу, кәсіпкерлікті қолдау және экономиканы әртараптандыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуы тиіс. Тек осы жағдайда ғана бүгінгі көрсеткіштер уақытша емес, тұрақты даму үрдісіне айналады.

Сондықтан негізгі міндет – көрсеткіштерді «үлғайту» емес, олардың сапасын арттыру. Яғни, уақытша факторларға сүйенген өсімді нақты өндіріс, тұрақты жұмыс орындары және белсенді кәсіпкерлік арқылы бекіту қажет. Егер осы бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасса, Көкпектідегі бүгінгі өсім ертеңгі тұрақты дамудың негізіне айналады. Ал керісінше жағдайда, жоғары көрсеткіштер қысқа мерзімді өтпелі жетістік ретінде қалып қояуы мүмкін.

Жалпы алғанда, 2026 жылдың алғашқы тоқсанындағы ел экономикасы өсімнің тұрақтылығын байқатқанымен, оның сапасы мен құрылымына қатысты сұрақтар күн тәртібінен түскен жоқ. Көп жағдайда жоғары көрсеткіштер инвестициялық белсенділік пен жекелеген жобалардың ықпалымен қамтамасыз етілсе, кей тұста статистикалық факторлардың әсері де байқалады. Бұл өңірлік экономикаларды бағалауда тереңірек талдаудың қажет екенін көрсетеді.

«ДАМУ БАР» ДЕЙДІ, ХАЛЫҚ НЕ ДЕЙДІ?

аудан әкімінің тұрғындар алдындағы есебі қалай өтті?

Әкім бол, халқыңа жақын бол! Бұл – ескіден жеткен жай сөз емес, ел басқарудың темірқазығы. Осы бір ұлағатты сөзге қаншама тәлім мен тағылым жатты. Өкінішке қарай, билік тізгінін ұстағандардың бәрі бірдей осы қағиданы берік ұстанып отыр деуге келмес. Егер олай болса, бүгін біз озық отыздықпен шектелмей, алдыңғы ондыққа ұмтылып, нақты нәтижемен мақтанар ма едік?!

**Әлішер ТҰРПЫБЕК,
«Semei taHy»**



Тассай ауылында «Ауыл аман» бағдарлама аясында СПК Ағайынды несие алып шабақ өсіру шаруашылығын іске қосуды жоспарлауда



Көкпекті ауылында қатты қалдықтар полигонды қалпына келтіріп, қалдықтарды реттеу және өңдеу жобасын іске қосу жоспарлануда

қала тұрғындарын ауылдық жерлерге тартау бағытталған бұл жоба облыс әкімі Берік Уәлидің тікелей бастамасымен қолға алынды. Аймақ басшысы жобаның басты мақсаты – ауылды өмір сүруге қолайлы ортаға айналдыру және азаматтардың ауылға жасау арқылы урбандану көшін тоқтату екендігін айта отырып: «Біз ауылдық жерде мал шаруашылығымен айналысып, өз ісін дамытқысы келетін азаматтарға жан-жақты қолдау көрсетеміз. «Қаладан – ауылға» жобасы арқылы барлық мемлекеттік бағдарламалар мен облыс әкімдігі тарапынан көрсетілетін қолдау шаралары бір жүйеге біріктіріледі», – деген болатын. Жоба аясында ауылдарға көшіп барғысы келетін азаматтарға бизнес ашу, мал шаруашылығын дамыту үшін жеңілдетілген несиелер мен мемлекеттік қолдау тетіктері ұсынылуда. Әкімнен кездесуде Үшкөмей ауылының тұрғындары «Қаладан – ауылға» жобасын қолайлылықтарын жеткізді.

Көкжайық пен Қарағандыкөл ауылдарындағы кездесулерде тұрғындар әлеуметтік саланың осал тұстарын ашық айт-

ты: аудандық ауруханада мамандардың тапшылығы, аудандық аурухана мамандарының ауылдарға барып, қабылдау жүргізулерінің қажеттілігі, мал қорымын салу мәселесі айтылды. Тек медицинаға ғана емес, ауылдағы қауіпсіздік пен санитарлық қауіпсіздікке де қатысты мал қорымының болмауы экологиялық тәуекел екені анық. Аудан басшысы бұл өтінішті аяқсыз қалдырмас деген үміттеміз.

Қарамоыл ауылындағы тұрғындардың өтініштері де күнделікті тұрмыстық нақты проблемаларын көрсетеді: ауылдық клуб ғимаратының қажеттілігі, су құбыры желілеріне сүзгі орнату, ауылдың ішкі жолына су өткізгіш құрылыс орнату мәселесі.

Ауыл клубы, бір жағынан, әлеуметтік инфрақұрылым, екінші жағынан, рухани өмір сапасы, тек мәдениет емес, ауылдың қоғамдық өмірінің орталығы. Еліміздің даңқын асырған талай таланттар сол ауылдан шықты. Олардың өнердегі жолы, алғашқы сахнасы мәдениеттің мәйегі – ауылдық клубтардан басталғаны анық. Ендеше, ауылға клуб керек екенін айтақан тұрғындардың өтінішін рухани қажеттілік деп қа-

былдаған жөн болар.

Үлгілімалшы ауылындағы кездесу әлеуметтік-экономикалық түйткілдердің кең ауқымын көрсетті. Ауыл тұрғындары мал сою алашын ашу, пошта қызметкерінің (пошташы) қажеттілігі, 2024 жылы көп балалы отбасыларға берілген тұрғын үйлердегі электр энергиясына төлем жасау проблемасы мен баспана кезегіне тұру жайлы өтініштерін айта келіп, сауда нысандарында тауар бағаларының көрсетілмеуі сияқты күнделікті тіршілікте көзденіп жүрген мәселелерді де ортаға салды.

Үлгілімалшықтармен кездесуде көтерілген мәселелерде ауыл өмірінің барлық саласы қамтылды деуге болады: кәсіп, әлеуметтік қолдау, тұрмыс, тіпті тұтынушы құқығы да. Бұл халықтың талап қою деңгейінің өсіп келе жатқанын білдіреді.

Ақой ауылы тұрғындары медициналық пунктті іске қосу, сондай-ақ ауыл ішіндегі жолдарды жөндеу, мал егу алашын ашу, жаңа тұрғын үйлер салу, ұялы байланыс сапасын арттыру мәселелерін көтерді. Бұл талаптар – ауылдың қалыптасу өмір сүруіне қажетті ең төменгі стандарттар.

Черноярка ауылында тұрғындар қосымша жарықтандыру шамдарын орнату, балалар ойын алаңы мен ауылдық клуб ғимаратын салу мүмкіндігін қарастыру сынды өтініш-тілектерін жеткізді. Осы жерде айта кеткен орынды болар, чернояркалықтар басқа ауылдардың тұрғындарына қарағанда белсенділігімен ерекшеленеді. Олар тауау уақытта Жеңіс саябағын өз күштерімен жаңғыртуды жоспарлап отыр.

Үкіліз – Кеңес Одағының Батыры Қойгелді Аухадиев атындағы ауылдық округі құрамындағы ауыл. Осы елді мекеннің атауы туралы халық арасында сұрақ көп. Сөйтсек, 1998 жылы, тарихи атауларды қайтару науқаны кезінде, республикамызға аты мәлім, әрі жазба, әрі суырыпсалма ақындардың бірі Қалихан Алтынбаевтың ұсынысымен елді мекенге Үкіліз аты қойылған екен. Үкіліз ауылында өткен кездесуде қосымша түнгі жарықтандыру шамдарын орнату, ауыл ішіндегі жолдарды жөндеу мәселелері айтылды.

Қарапайым көрінісімен, бұл мәселелер ауылдағы қауіпсіздік пен қолайлылықтың негізі.

Ал Мелитополь ауылындағы жағдай тіпті бөлек. Тұрғындар көктем мезгілінде ауылды екіге бөліп, қатынасты қиындататын тасқын су мәселесін көтеріп, жаяу жүргіншілерге арналған көпір салу қажеттігін жеткізді. Бұл тек қолайлылық емес, ең алдымен, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды мәселе екені анық.

Алайда кез келген көпір құрылысы қомақты қаржыны талап ететіндіктен, аталған жобаны тек кезең-кезеңімен жүзеге асыру қажет. Сондықтан аудан басшысы бұл істі алдағы жылдардың бюджеттік жоспарына енгізу үшін тиісті салалық мекемелермен бірлесіп, жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және қаржыландыру көздерін қарастыру жұмыстарын қолға алар деген ойдамыз.

Жалпы, барлық кездесулерде айтылған мәселелерді сараласақ, бірнеше ортақ бағыт анық көрінеді: жол, су, медицина, байланыс, әлеуметтік нысандар. Бұл ауылдардағы базалық деңгейдегі қажеттіліктердің әлі де толық шешілмегенін көрсетеді.

Сонымен қатар ауданда атқарылған жұмыстар да жоқ емес. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 6 жылда 2,4 млрд теңгеге 26 жоба жүзеге асырылып, жолдар жеңілдетіліп, спорт нысандары салынып, көшелер жарықтандырылды. Қоғамдық көлік іске қосылып, жағажай ашылды, абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Алайда бір шындық анық: атқарылған жұмыстар бар, бірақ халықтың сұранысы одан да жоғары. Бұл – сын емес, керісінше, дамудың белгісі. Өйткені талап бар жерде – қозғалыс бар.

Көкпектідегі кездесулер көрсеткен басты қорытынды: халық дайын шешімдерді күтпейді, олар диалогқа дайын. Енді міндет – сол диалогті нақты нәтижеге айналдыру.



АҚСУАТ

СПОРТ

АУДАН СПОРТЫ ӨРЛЕУ ЖОЛЫНДА

Қоғамның дамуы тікелей адамға байланысты. Сондықтан адам денсаулығы – қоғамның өлшеусіз байлығы. Халық денсаулығын жақсартудағы ең маңызды құралдардың бірі дене шынықтыру мен спорт екені белгілі. Сондықтан бүгінгі күні бұқаралық спортты дамыту, жас ұрпақты салауатты өмір салтына баулу – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Осы орайда Ақсуат ауданында спорт инфрақұрылымын жетілдіру, тұрғындардың спортқа қолжетімділігін арттыру және жас ұрпақты дене белсенділігіне баулу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.



Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei тауы»



ТОҒЫЗҚУ АЛАҚТАН



Ақсуат өңірі – қай заманда да намысты ту еткен, рухы биік спортшыларымен танылған қасиетті мекен. Аудан жастары тек білімде ғана емес, спорт додаларында да өздерінің табандылығы мен қайсарлығын дәлелдеп келеді. Жыл сайын аудан спортшылары жаңа белестерді бағындырып, әл мерейін үстем ететін жетістіктерге қол жеткізуде. Бүгінде ауданның спорт саласы дамып, бұқаралық сипат алып отыр. Ауыл-аймақтағы спорт алаңдарының жандануы, жас таланттардың танылуы – соның айқын дәлелі. Аудан спортшылары облыстық, республикалық жарыстарда топ жарып, туған өлкесінің абыройын асқақтатуда.

Бүгінгі таңда ауданда спорт саласын дамыту бағытында көптеген жұмыстар атқарылуда. Негізгі мақсат – Мемлекет басшысының бұқаралық спортты дамыту, спорт нысандарды көбейту туралы тапсырмасы мен Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру.

Қазіргі таңда Ақсуат ауданында 56 спорт ғимараты болса, оның ішінде 2 спорт кешені және 1 жазу бассейні бар. Сонымен қатар 10 ашық хоккей корты, 1 ипподром мен 42 жазықтық құрылым - 22 шағын футболға арналған жанды футбол алаңы, 19 спорт алаңы, спорттық ядро халыққа қызмет көрсетеді. Ауданның барлық спорт залдарында күн сайын және демалыс күндері аудан тұрғындары үшін жаттығу кестесі жасалып, бекітіліп отырады.

Өткен ақпан айында Екпін ауылында жаңа спорт моду-

лі пайдалануға берілді. Аумағы 1460 шаршы метр болатын кешенде барлық жағдай жасалған, 1500-ден астам ауыл тұрғынына волейбол, футбол, бокс, күрес сынды спорт түрлерімен айналысуға мүмкіндік бар. Мұндағы спорт залдары мен жаттығу алаңдары тұрғындардың спортпен жыл бойы шұғылдануына мүмкіндік береді. Бірінші қабатта волейбол, баскетбол, футбол сияқты спорт түрлеріне арналған ойын залы, сондай-ақ теннис залы мен велохолл қарастырылған. Екінші қабатта толық жабдықталған күрес залы мен жұмыс кабинеттері орналасқан. Кешенді ауылдың тұрғыны – белгілі кәсіпкер Қайырлы Хасенов салды.

Сондай-ақ Ойшілік ауылында өткен жылдың маусым айынан бері жаңа спорт модулінің құрылысы жүріп жатыр. Нысан 2026 жылдың II тоқсанында аяқталады деп жоспарланған. Жалпы құны 960045,6 млн теңгені құрайтын спорт модулі 1 гектар аумақты қамтиды. Жоба бойынша 592 шаршы метрлік ойын залы және 158,5 шаршы метрлік күрес залы қарастырылған. Құрылысты «Сарман - 7» ЖШС компаниясы жүргізіп жатыр, - дейді Ақсуат ауданы спорт бөлімінің басшысы Мирас Дәуренбекұлы.

Жаңа инфрақұрылым спортшылардың жарыстарға сапалы дайындалуына мүмкіндік беріп, бұқаралық спорттық дамуына септігін тигізеді.

Бөлім басшысының айтуынша, дене шынықтырумен, спортпен тұрақты шұғылданатын тұрғындардың қатары жыл сайын өсіп келеді. Ауданда бүгінгі таңда 8 мыңға жуық адам спортпен

және дене шынықтырумен шұғылданады. Ақсуат ауылындағы М.Имашев атындағы балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде 42 оқытушы-жаттықтырушы, Бұқаралық және ұлттық спорт ойындары орталығында 15 оқытушы-жаттықтырушы, аудан мектептерінде 65 дене шынықтыру пәні мұғалімі еңбек етуде, сондай-ақ 14 мектепте 34 оқытушы қосымша білім береді.

Балалар мен жасөспірімдердің білім алумен қатар, спортпен шұғылданып, жан-жақты жетілуіне қолайлы жағдай жасау – басты міндетіміз. М.Имашев атындағы балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде 874 оқушы, Бұқаралық және ұлттық спорт ойындары орталығында 432 жасөспірім бокс, волейбол, дзюдо, жүзу, көркем гимнастика, футбол және үстел теннисі сынды олимпиадалық спорттың 7 түрі бойынша жаттығады. Ауданда қазақ күресі, тоғызқұмалақ, садақ ат, асық ату сынды ұлттық спорт түрлерін дамытуға да ден қойылған. Жастар сондай-ақ бір спортпен де шұғылданады. Аталған нысандарда сонымен қатар 168 ересек адам спортпен және дене шынықтырумен айналысады, - дейді бөлім басшысы.

Бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру – аудан дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі. Осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп, тұрғындардың спортқа деген қызығушылығын арттыру мен жастарды дене белсенділігіне баулу ісі қарқынды түрде жүзеге асырылуда. Жыл басынан бері 25 спорттық іс-шара ұйымдастырылып, 2117 адам қамтылған. Қаңтар айында волей-

болдан оқушы қыздар арасында Жәңгікей кубогы өтті. Мектеп ұстаздары арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту, тәжірибе алмасу және мұғалімдердің спорт бойынша рейтингін жасақтау мақсатында шахмат, тоғызқұмалақтан спартакиада ойындары өткізілген.

Былғы қаңтар айында дзюдо күресінен 2015-2016 жылдары туған ер балалар және 2014-2015 жылдары туған қыздар арасында аудан чемпионаты, бокстан жасөспірімдер арасында Қалқаш Габбасұлы еске алуға арналған аудан біріншілігі өтті. Осы айда сондай-ақ волейболдан әуесқой қыздар командалары арасында «AQSUAT CUP-2026» ашық турнирі ұйымдастырылды. Ақпан айында да спорттық шаралар жалғасын тапты. «Шаңғы жолы шақырады – 2026» аудандық чемпионаты, волейболдан ұлдар арасында Ауған соғысы ардагерлерін еске алуға арналған қысқы біріншілік өтті. Сондай-ақ шаңғы спортынан мектеп мұғалімдері арасында спартакиада ойындары, дзюдодан жасөспірімдер арасында Тұрсынғали Досановты еске алуға арналған аудан біріншілігі өтті.

Был алғаш рет тоғызқұмалақ, волейбол, үстел теннисінен мекеме қызметкерлері арасында аудан чемпионаты өткізілуде. Наурыз мерекесіне орай үстел теннисінен аудан біріншілігі ұйымдастырылды.

Аудан спортшылары облыс және республика деңгейіндегі жарыстарда да жақсы нәтижелер көрсетуде. Мәселен, 28-31 наурыз аралығында Қостанай қаласында өткен бір спортынан Қазақстан Республикасының чемпионатында аудан спортшылары I, II және III орындарды иеленіп, өңір мерейін үстем етті. Сондай-ақ, Аягөз қаласында өткен футболдан жасөспірімдер арасындағы облыс чемпионатында II орынға қол жеткізді.

Семей қаласында бокстан өткен ашық біріншілікте де аудан боксшылары жоғары нәтиже көрсетті. Үш спортшымыз I орынды, екі спортшымыз II орынды, тағы екі спортшымыз III орынды иеленсе, Жақсылық Үшкемпіров атындағы спорт мектебінде өткен дзюдодан облыстық чемпионатта екі дзюдшымыз I орынды, 4 дзюдшымыз III орынды жеңіп алды.

Алдағы уақытта да спорттық шаралар жалғасын табады. Соның бірі – «Ауылым – асыл бесігім» атты ауқымды мәдени шара. «ASSYLTA» қоғамдық қоры мен Абай облысының білім басқармасына қарасты «Дарын» орталығы бірлесіп ұйымдастыратын мәдени күндер аясында оқушылар арасында түрлі спорттық жарыстар мен байқаулар өтеді. Қорыта айтқанда, Ақсуат ауданындағы спорт саласының жетістіктері – жүйелі жұмыстың, табандылықтың және жас ұрпаққа көрсетілген қолдаудың нәтижесі. Бүгінгі жетістіктер – ертеңгі үлкен жеңістердің бастауы. Алдағы уақытта да аудан спортшылары талай биіктерді бағындырып, ел намысын абыроймен қорғай беретіні сөзсіз.

ДЕНСАУЛЫҚ

Ақсуат ауданында медицина саласын дамытуға үлес қосқан ардагерлер алғаш рет бас қосты. Кездесуге Ақсуат ауданының әкімі Еркін Ескендіров қатысты. Іс-шараға Алмағұл Әштаева басқаратын Ақсуат аудандық ауруханасының ұжымы тыңғылықты дайындалыпты.

АБЗАЛ ЖАНДАР АРДАҚТАЛДЫ



Ардагерлер құрметіне аурухана ауласына еңселі киіз үй тігілген. Қонақтарды тіс дегері Мейіржан Габдулманұлы мен аудандық мәдениет бөлімінің қызметкері Марат Батырбеков бастаған ауыл өнерпаздары Әсет Бейсеуовтің «Кел, қалқам, Ақсуатқа» әнімен қарсы алды. Фтизиатр дегігер Гүлназ Оналбаева мен акушер-гинеколог Гүлнар Баянбаева шашу шашып, Меруерт Зейнелова бастаған жас дегігерлер қонақтарға гүл шоқтарын тарту етті.

Киіз үйде жайылған ақ дастарқаннан дәм татқан ардагерлер кейін аурухананың мәжіліс залында бас қосып, аудан медицинасының өткені мен бүгіні, болашағы жайында еркін әңгіме өрбітті. Басқосуда сөз алған аудандық аурухананың бас дегігері Алмағұл Мұхамедкерімқызы бұл кездесудің мән-маңызына тоқталып өтті. – Халық денсаулығын сақтау – аса жауапты міндет. Бүгінде елімізде, ауданымызда медицина саласын дамыту мен дегігерлерді қолдауға бағытталған ауқымды жұмыстар атқарылууда. Ардагерлеріміз бен жас мамандарды жүздестіріп, тәжірибе алмасу көптен бергі жоспарымыз еді. Аға буынның өмірлік ұстанымы, еңбек жолы – жастарға үлгі, – деді Алмағұл Мұхамедкерімқызы.

Кездесуде сөз алған аудан әкімі Еркін Ескендіров денсаулық сақтау саласын дамыту – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін айтып, ардагерлер мен бүгінгі медицина қызметкерлеріне алғыс білдірді.

– Соңғы жылдары саланың материалдық-техникалық базасы нығайтып келеді. Заманауи медициналық құрылғылар қолданысқа енгізілуде. Мәселен, Абай облысында салынған 65 медициналық нысанның 9-ы Ақсуат ауданында бой көтерді. Тағы бір медициналық пункт жақын уақытта Күмкөл ауылында салынады, – деді аудан басшысы. Басқосуға белгілі медицина саласының майталмандары – ұзақ жылдар хирургия саласында еңбек еткен Алмайт Бекенов, Қазақстанның Еңбек Ері, медицина ғылымдарының кандидаты Мұхтар Төлеутаев, ауруханада ұзақ жылдар бойы бас мейірбике қызметін абыроймен атқарған Құлия Қасымжанқызы, облыс деңгейінде басшылық қызмет атқарған, еңбегімен ел құрметіне бөленген дегігер Гольнар Есенжанқызы, медицина саласына ерекше еңбек сіңірген ардагер дегігер, аудандағы алғашқы көз дегігері Нұрлан Газезұлы және Дәулет Жанарбекұлы, Мейірғазы Асылғазыұлы, Болат Баймұқшыұлы, Зайра Дәуленбаева, Берік Жандыбайұлы, Гүлнар Шаймарданова, Сәбира Жақиянова, Гүлнарра Камидоллақызы, Сәуле Мұхамедиева, Бақытгүл Қайроллинова, Ғалия Жанымханова, Ардақ Ауғанова, Гүлнар Кисина сынды ел ағысын алған тәжірибелі дегігерлер қатысты. Алматы қаласынан медицина ғылымдарының докторы, профессор, «Алтын дегігер» орденінің иегері Бекболат Сүлейменов бейнеқұттықтау жолдап, өзінің «Туған жерге сағыныш» әнін тарту етті.

Жынында сөз алған ардагер дегігерлер аудан медицинасының қалыптасу кезеңдері, кәсіби маман ретінде қалыптасу жолдары, аға буын өкілдерінің қамқорлығы, бастан өткерген қиындықтары мен жетістіктері жайында әсерлі естеліктерімен бөлісті. Аудан медицинасының даму жолы – кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық тағылымды тарих. Іс-шара барысында Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Төлеутаев аурухана басшылығына медицина саласының өзекті мәселелері, оны шешу жолдары, болашағы жайлы жазылған кітаптарын сыйға тартты. Сонымен қатар ардагерлердің бастамасымен жарық көрген аурухана тарихына арналған фотошөжіре кітап көпшілікке таныстырылды.

Кездесу барысында дегігерлердің адам өмірін сақтап қалу жолындағы жанкешті еңбегі, тәуекелдері мен қуанышты сәттері, мамандық адалдық, ұрпақ сабақтастығы жайлы көптеген тағылымды әңгімелер айтылды. Соның бірі Төлеутаевтар әулеті жайлы болды. Бұл әулеттің медицина саласындағы жалпы еңбек өтілі бес жүз жылға жуықтайды екен.

– Мұндай кездесулер біз үшін өте маңызды. Ардагерлердің тәжірибесі мен өмірлік сабақтары кәсіби тұрғыда дамуға үлкен серпін береді, – дейді жас мамандардың бірі Меруерт Зейнелова.

Жалпы, бұл кездесу тәжірибе алмасуға, ұрпақ сабақтастығын нығайтуға бағытталған тағылымды шара ретінде есте қалды.

Хамза СӘТІЕВ, Ақсуат ауданы

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

СЕНҮІЛІКТЕР ЖАЛҒАСУДА

Ел Президенті бастамасы болған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бүгінде еліміздің барлық өңірлерінде кеңінен қолдау тауып, ұлттық деңгейдегі маңызды шараға айналды. Бұл игі үрдістен Ақсуат ауданы да шет қалмай, тазалық пен көркейтуді бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп келеді. Аудан көлемінде қолға алынған әрбір іс-шара туған жерге деген жанышарлықтың, ортақ жауапкершіліктің айқын көрінісі десек, артық айтқандық емес.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei тауы»

Ақсуат ауданында көктемгі тазалық екі айлығын өткізу маңында аудан әкімдігінің қаулысы қабылданып, оның негізінде барлық тазалық айлығына басшылық жасайтын комиссия құрылып, нақты міндеттер айқындалды.

Сондай-ақ елді мекенде іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Қазіргі таңда әр апта сайын сенбіліктер ұйымдастырылуда. Бүгінгі күнге дейін өткізілген тазалық жұмыстарына 39 мекеме, ауылдық округ әкімдіктерінің, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары, мәдениет үйінің қызметкерлері және ауыл тұрғындары – барлығы 510 адам қатысты. 19 бірлік арнайы техника жұмылдырылып, елді мекендердің санитарлық жағдайы жақсарды. Сенбіліктер барысында 420 жеке тұрғын үйдің ауласы тазартылып, 7 саябақ пен қоғамдық демалыс орындары ретке келтірілді.

– Аудан тұрғындары тазалық жұмыстарына белсенді қатысуда. Халықтың жауапкершілігі артып келеді. Көше бойлары, арық-атыздар, қоғамдық орындар тазартылып, ретке келтірілді.

Жалпы, екі ай ішінде көшелерді, жаяу жүргіншілер жолдарын, аулалар мен гүлзарларды тазалау және абаттандыру жұмыстары жүргізілетін болады, - дейді Ақсуат аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы Алмас Дюсешов.

Ақсуат ауылдық округінде «Таза Қазақстан» акциясы аясында 33 көше, 6 саябақ, 1 алаң, 1 стадион және 1 аллея тазартылды. Ауылға кіреберістегі Қабанбай көшесінің бойындағы талдар өктеліп, манайы қоқыстан толық тазартылды. Сенбіліктер барысында 80 тоннадан астам қаты тұрмыстық қалдық шығарылып, 200-ден астам адам мен 8 техника жұмылдырылған.

Сөз ретінде айта кетсек, соңғы жылдары ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін бірқатар жобалар іске асырылды. Атап айтқанда, тұрғындарға қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру мақсатында аудан көлемінде инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Қабанбай көшесі бойында ұзындығы 1,2 шақырым жаяу жүргіншілер жолын абаттандыру, жарықтандыру жүйесін жаңарту,



сияқты жобалар іске асырылды. Аталған көшенің бойында аллея салынып, жаяу жүргіншілерге арналған жол белгілері, 4 көлік бағдаршамы және 3 жаяу жүргіншілер бағдаршамы орнатылды, бұл жұмыстарға 52,9 млн теңге жұмсалды.

Өткен жылы ауылдарды абаттандыру мен көгалдандыруға 612 млн теңгеден астам қаржы бөлінді. Жаңа аллеялар, ойын алаңдары, спорт алаңдары, стелалар және жол белгілері орнатылған.

Бұдан бөлек, 66 млн теңгеге аудан орталығындағы көп қабатты 3 тұрғын үйдің шатыры жаңартылып, қасбеттері қапталды. Сондай-ақ орталық алаңдағы сахна жөнделіп, Жәңгікей, Күмкөл, Қызылкөсік, Үштөбе және Көкжыра ауылдарының көшелерінде жарық шамдары орнатылды.

Екпін ауылында шағын футбол алаңы салынса, 10 ауылда 15 балалар ойын алаңы пайдалануға берілді. Сонымен қатар Ақсуат ауылына кіреберісте стела орнатылып, Қабанбай көшесі бойындағы 4 шақырым жаяу жүргіншілер жолы абаттандырылып, жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Бұл жобаларға 126 млн теңге бөлінді.

Был Ойшілік пен Сәтбаев ауылдарын абаттандыруға 100 млн теңге, яғни әр ауылға 50 млн теңгеден қарастырылған. Ойшілік ауылында стела орнату, хоккей алаңы мен аллея салу жоспарланса, Сәтбаев ауылында футбол алаңы, балалар ойын алаңы, воркаут аймағы және аллея салу көзделіп отыр.

Аудан әкімі Еркін Ескендіров атап өткендей, «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы тазалық шаралары тұрақты үрдіске айналуы тиіс. Туған жердің тазалығын сақтау - әрбір азаматтың ортақ борышы.



Бір әннің тарихы

«КЕШІКТІҢ НЕГЕ СЕН?» ӘНІ ҚАЛАЙ ШЫҚТЫ?

Мен осы әннің орындаушысы болғандықтан оның шығу тарихы туралы ән авторы Қажытай Илиясұлы ағамен және осы әннің шығуына себепкер болған кейіпкер - Қажытай ағаның жары Руда апаймен де сұхбаттасқан едім.



Руда апайымыз: «1969-1970 жылдары болса керек, Қажытай ағаның оқу бітіріп, «Ара» журналында жұмыс істеп жүрген кезінде біздің ауылға Манар ағаммен бірге үйге келгені әлі есімде. Мен ол кезде мектептегі оқушы болатынмын. Жалпы, біздің таныстығымызға себепкер болған - Манар ағам. Қажытай екеуі 1965-1969 жылдары ҚазГУ-дің журналистика факультетінде бір группада оқыған, айырылмайтын жан досы болатын.

да, өзен жағасында атап өтуді ұсынды. Сол күнге дайындалып жүргенімде, көрші ауылға іссапармен келген Қажытай аға студенттік досы Манар ағамды іздеп жолшыбай біздің үйге соқты. Манар ағам ол кезде «Абай ауылы» газетінің бас редакторы болатын.

Менің туған күнім екенін естіген Қажытай аға түні бойы отырып маған арнап ән шығарып, ертеңінде орында берді. Әннің аты - «Қаршыға». Оны Қажытай ағаның бауыры Оралбек Сарыбасов тамаша орындайды. Бұл ән «Кешіктің неге сен?» әнінен бұрын жазылған», - деген еді.

Жалпы, Қажытай аға сөзге шешен, білімді, бірнеше музыкалық аспапта ойнайтын өнерлі, ақындығымен қоса, сазгерлігі өз алдына бір төбе, сатира жанрында да елге танылған сегіз қырлы, бір сырлы өте өжет, алғыр азамат болатын. Содан болса керек, Руда апайға арнап

ән шығарып қана қоймай, өзінің сезімін білдіріп, жар болуға ұсыныс жасайды. Алматыға шақырады.

Руда апай тамыздың ортасында Коммунистік партия қатарына өтуі керек екенін айтып, бір айдан кейін баруға уәде берді. Бірақ белгілі бір себептермен партияға қабылдау мерзімі екі-үш айға шегеріліп, уәде еткен уақытта Алматыға бара алмайды.

Руда апай уәде еткен уақыттан кешіккеннен кейін Қажытайға неше түрлі ой келеді. «Өзім ажырасқан адаммын, бір жағынан, жасым да үлкен, бәлкім, сондықтан уәдесінен айнып қалған болар» деген ойлар маза бермей, қолына қалам алып, жабыққан көңілім өлеңмен жұбатады. Сағыныш сезімімнің әсерінен жүрегінен сырлы да сазды, ерекше ырғақты «Кешіктің неге сен?» деген әдемі ән туады.

Қажытай ағаның айтуы бойынша, бұл ән 1982 жылдың қыркүйек айында шыққан екен. Бірде: «Руда жеңгенге арнап қанша ән шығарып, өлең жазсам да қарамай жүретін. Осы «Кешіктің неге сен?» әнінен кейін қалпақтай түсті», - деп әзілдеген еді.

Бұл әнді мен Қажытай ағаның өз аузынан естіп үйрендім. «Мұратбек сенен де бұрын бұл әнді бірнеше әншілер орындаған, бірақ сенің орындауыңда халықтың жүрегінен ерекше орын алды», - деп Қажытай ағам өз ризашылығын білдірген еді.

Мұратбек САРЫБАСОВ

«Riza bol» ұсынатын кәдесый



Абай өлеңдерімен аталып, «Riza bol» сауда белгісімен шыққан жібек орамалдар - ұлттық болмысты заманауи нәзіктікпен тоғыстырған ерекше кәдесый.

«Желсіз түнде жарық ай» - сабыр мен сенімнің, «Көзімнің қарасы» - махаббат пен мейірімнің белгісіндей.



Әр орамал — әйелдің ішкі әлеміне арналған үнсіз сыр. Қорабы мен сөмкесі де кәдесыйдың мазмұнын аша түседі.

8 778 929 14 53 8 777 276 90 74

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Жерек» ЖШС, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: Абай облысындағы №3709-EL лицензиялық алаңның М-44-65-(10g-5a-4) блогындағы қатты пайдалы қазындарды іздеу жұмыстарының жоспарына жасалған ықтимал әсерлер туралы есеп. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Приречный а. о. Координаттар: 1. 50°12'00" се, 80°03'00" шб; 2. 50°10'00" се, 80°04'00" шб; 3. 50°09'00" се, 80°04'00" шб; 4. 50°09'00" се, 80°03'00" шб.

Қоғамдық тыңдаулар 10.06.2026 жылы сағат 15:40-та Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Приречный а. о., Приречный а., Гагарин к-сі, 1, өкімдік ғимаратында өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша ету қажет: https://us06web.zoom.us/j/87481835896?pwd=y9zcf9XjEQDya9aQs5j5LrPmYUTrPai.1. Конференция идентификаторы: 874 8183 5896, кіру коды: 877342. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 15 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша кезделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетінде «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында https://ndbecology.gov.kz/, «қоғамдық тыңдаулар күнтізбесі» бөлімінде танысуға болады, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-prigoda.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat.

Барлық ескертүүлөр және / немесе ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында, сондай-ақ Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекенжайы: urprigr.abay@akimat.abai.gov.kz. Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Ұсынылған қызметтің бастамашысы: «Жерек» ЖШС, Абай облысы, Семей қаласы, Шұғаев көшесі, 4, тел: 8 (776) 293-22-43, E-mail: too@jerek.kz, БСН 020840000458.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қ., 070002, М. Горький к-сі, 21, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Жерек» ЖШС, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: Абай облысындағы №3672-EL лицензиялық алаңның М-44-65-(10a-5b-17,18,23) блогындағы қатты пайдалы қазындарды іздеу жұмыстарының жоспарына жасалған ықтимал әсерлер туралы есеп. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Приречный а. о. Координаттар: 1. 50°12'00" се, 80°01'00" шб; 2. 50°12'00" се, 80°03'00" шб; 3. 50°10'00" се, 80°03'00" шб; 4. 50°10'00" се, 80°02'00" шб; 5. 50°11'00" се, 80°02'00" шб; 6. 50°11'00" се, 80°01'00" шб.

Қоғамдық тыңдаулар 10.06.2026 жылы сағат 15:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Приречный а. о., Приречный а., Гагарин к-сі, 1, өкімдік ғимаратында өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша ету қажет: https://us06web.zoom.us/j/87481835896?pwd=y9zcf9XjEQDya9aQs5j5LrPmYUTrPai.1. Конференция идентификаторы: 874 8183 5896, кіру коды: 877342. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 15 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша кезделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетінде «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында https://ndbecology.gov.kz/, «қоғамдық тыңдаулар күнтізбесі» бөлімінде танысуға болады, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-prigoda.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat.

Барлық ескертүүлөр және / немесе ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында, сондай-ақ Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекенжайы: urprigr.abay@akimat.abai.gov.kz.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Ұсынылған қызметтің бастамашысы: «Жерек» ЖШС, Абай облысы, Семей қаласы, Шұғаев көшесі, 4, тел: 8 (776) 293-22-43, E-mail: too@jerek.kz, БСН 020840000458.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қ., 070002, М. Горький к-сі, 21, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.

ДЕНСАУЛЫҚ

Сібір жарасы (түйнеме) – адам мен жануарларға ортақ, зооноздық топқа жататын, өлім-жітімді жоғары аса қауіпті жұқпалы ауру. Ауру дене қызуының көтерілуімен, лимфа жүйесінің зақымдалуымен және ағзаның ұлануымен сипатталады. Ол терілік, сирек жағдайда ішектік, өкпелік және сепсистік түрлерінде кездеседі.

СІБІР ЖАРАСЫ – АСА ҚАУІПТІ АУРУ

Аурудың қоздырғышы – сыртқы ортада спора түзетін, физикалық-химиялық әсерлерге төзімді бактерия. Бұл споралар қоршаған ортада ондаған жылдарға дейін сақталуы мүмкін. Сібір жарасының негізгі жұқтыру көзі – үй жануарлары. Адамға ауру көбінесе малды сою, терісін өңдеу кезінде жанасу арқылы, сондай-ақ ластанған тағам немесе топырақ арқылы жұғады. Ауру адамнан адамға жұқпайды.

Ауру көбінесе теріні зақымдайды, сирек жағдайда ішкі ағзаларға әсер етеді. Инкубациялық кезең терілік түрінде бірнеше сағаттан 14 күнге дейін, ал сепсистік түрінде 6–8 күнге созылады. Әдетте, дененің ашық бөліктері зақымдалады.

Қоздырғыш енген жерде алдымен қызыл-көкшіл, ауырмайтын дақ пайда болып, ол қышып, ашиды. Кейін папулаға, одан әрі ішінде сұйықтық жиналған күлдіреуікке (везикула) айналады. Ол жарылған соң, ортасы қоңыр, жиектері көтерілген жара – жарбуңкул түзіледі. Көбіне аяқ-қолда, мойында, желкеде кездеседі. Жара айналасы ісініп, қызарады, ал ортасында қара түсті қабыршақ пайда болады.

Ауру барысында лимфа түйіндері ұлғайып, жалпы ұлану белгілері байқалады: әлсіздік, бас ауруы, дене қызуының 39–40°С-қа дейін көтерілуі. 2–3 аптадан кейін жара орнында тыртық қалады.

Сібір жарасының 90–95%-ы терілік түрде өтеді. Оның 80%-ы жеңіл, 20%-ы ауыр жағдайда байқалады. Уақытында

емделмесе, өлім көрсеткіші 5%-ға дейін жетуі мүмкін. Ішектік және өкпелік түрлері өте ауыр өтіп, өлім-жітім 80–100%-ға дейін барады.

Ерте диагноз қойылып, арнайы ем жүргізілсе, толығымен жазылып кетуге болады. Алдын алу шаралары Сібір жарасының ең тиімді алдын алу жолы – вакцинация. Екпе мал шаруашылығы, ет өңдеу, тері-жүн саласында жұмыс істейтін адамдарға міндетті түрде жүргізіледі. Вакцинадан кейін 12–14 күнде иммунитет қалыптасып, шамамен бір жыл сақталады.

Сонымен қатар үй жануарларын тұрақты ветеринарлық бақылаудан өткізу; малды уақтылы егу; белгісіз себеппен өлген жануарларды өз бетімен өңдемеу; ветеринарға дереу хабарлау аса маңызды. Мал өнімдерін тек ветеринарлық тексерістен кейін ғана пайдалану қажет. Етті өңдеу кезінде жеке гигиена сақталып, құрал-жабдықтар мұқият жуылып, залалсыздандырылуы тиіс. Аурудың алғашқы белгілері байқалған сәтте-ақ дәрігерге жүгіну қажет. Себебі ем неғұрлым ерте басталса, нәтиже де соғұрлым тиімді болады.

Н.МҰРАТҚАНОВ, Жаңасемей ауданы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының м.а

БЖЗҚ АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ

2026 жылғы 28 сәуірде БЖЗҚ дәстүрлі түрде «Ашық есік күні» онлайн-кездесуін өткізді.



Оның аясында қатысушыларға invest.enpr.kz жаңа инвестициялық порталы ұсынылды. Іс-шара барысында Қор мамандары жаңа порталдың салымшылар үшін жасалған таптырамы мүмкіндіктері туралы баяндап берді. Қатысушыларға зейнетақы қаражатының бір бөлігін жеке инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына беру арқылы өз жинақтарының кірістілігіне дербес ықпал етуге құқылы екендіктерін ескертті: міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан жинақтардың 50%-на дейін және ерікті зейнетақы жарналарының 100%-на дейін аударуға болады.

Кездесу аясында қатысушылар платформаның функционалдығымен, зейнетақы активтерін инвестициялау қағидаларымен, инвестициялық көрсеткіштерді талдау тәсілдерімен, сенімгерлік басқарушының таңдау өлшемдерімен және т.б. танысты.

Портал бір цифрлық кеңістікте инвестициялар туралы негізгі ақпарат: базалық ұғымдарды, сенімгерлік басқарушылар туралы деректерді, зейнетақы активтерін орналастыру құрылымын, инвестициялық стратегиялар мен қаржылық көрсеткіштерді қазақ және орыс тілдерінде біріктіретіні атап өтіл-

ді. Пайдаланушылар ИПБ мен ҚРҰБ-тың кірістілігін, портфель құрылымын және басқару нәтижелерін дербес салыстырып, көрсеткіштердің динамикасын бақылай алады.

Кездесу барысында Қор мамандары порталдың жас салымшылар үшін маңыздылығын атап өтті. Себебі жастар өз жинақтарын басқарудың неғұрлым тиімді стратегияларын таңдауға қатыса алады. invest.enpr.kz жаңа ыңғайлы порталы инвестициялау құралдарын зерделеп, талдау мүмкіндіктерін ұсына отырып, қазақстандықтардың өз жинақтарын басқаруға неғұрлым белсенді қатысуын ынталандыруға ықпал етеді.

Іс-шара интерактивті форматта өтті: қатысушылар Қор мамандарына сұрақтар қойып, түсініктемелер, сондай-ақ жеке кеңестер алды. Онлайн-формат әртүрлі өңірлердің азаматтарына кездесу қосылуға және өзекті ақпаратты тікелей сарапшылардан алуға мүмкіндік берді.

Айта кетейік, 2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша БЖЗҚ салымшылардың жалпы сомасы 130 млрд теңгеден асатын жинақтарын ИПБ-ға аудару туралы 128 450 өтінішін орындады. Естеріңізге сала кетейік, қазір нарықта инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясы бар және зейнетақы активтерін басқаруға бекітілген талаптарға сәйкес келетін 5 ИПБ жұмыс істейді. Олардың ішінде: «Alatau City Invest» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «Halyk Global Markets» АҚ (2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – осы ИПБ-ның бастамасы бойынша шартты күші жойылады), «Halyk Finance» АҚ және «Сентрас Секьюритиз» АҚ. ИПБ-лардың инвестициялық стратегиялары, ай сайынғы шолулар және әрбір ИПБ-ның инвестициялық қызметінің нәтижелері invest.enpr.kz порталында, сондай-ақ enpr.kz сайтындағы «Статистика және талдау - Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару» бөлімінде орналастырылған. БЖЗҚ халықтың қаржылық-құқықтық сауаттылығын арттыру жұмысын жүйелі түрде жалғастыруда. Мәселен, 2025 жылы 800 мың адамды қамтитын 38 мыңнан астам ақпараттық кездесу өткізілді, сондай-ақ азаматтардың 400 мыңға жуық өтініші өңделді. Өткізілген «Ашық есік күні» қатысушыларға өздерінің зейнетақы жинақтарын түсініп, басқаруға қажет нақты құралдарды ұсына-тын маңызды қадам болды.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

Table with 2 columns: Name and Title. Includes Semeltau, Vesti Semey, and Musina Rymsan Saqymbaykyzy.

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



Директор - Риза АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА. Бас редактордың орынбасары - Роза ПУШПАҚОВА.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № КЗ49VPU00121173, 05.06.2025 ж. Газет «ABAI AIMAQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дизайн агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады. Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді. Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады. Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында. Меншікті тілшілеріміз: Бороудихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08. Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32.



ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 30 155

Кезекші редактор Әйгерім СӨРСЕНҚАЛИ